

## **Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 шілдеде № 7058 тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.07.2017 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

Ескерту. Бүкіл мәтін жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.07.2017 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Камалиев*

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2011 жылғы 13 маусымдағы  
№ 362 бұйрығымен  
бекітілген

**Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамдарға қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.04.2021 № 214 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес (Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Авиация персоналына куәліктер беру" деген 1-қосымша) әзірленген.

2. Осы біліктілік талаптары мынадай авиация персоналына қойылатын талаптарды айқындайды:

1) ұшу экипажының мүшелері:

аса жеңіл әуе кемесінің пилоты (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі);

жеңіл әуе кемесінің пилоты (ұшақ, тікұшақ);

жеке пилот (ұшақ, тікұшақ);

коммерциялық авиация пилоты (ұшақ, тікұшақ, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі);

көпмүшелі экипаждың пилоты (ұшақ);

желілік пилот (ұшақ, тікұшақ);

еркін аэростаттың пилоты;

планер пилоты;

2) пилоттардан басқа ұшу экипажының мүшелері:

штурман;

бортинженер (бортмеханик);

бортрадист;

3) басқа авиация персоналы:

сыртқы пилот (ұшақ, дирижабль, планер, винтті, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі немесе еркін аэростат)

әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері (бұдан әрі – ӘҚД);

әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маман (бұдан әрі – ӘК ТҚ маманы);

жеңіл және аса жеңіл авиацияға ӘҚ ТҚ маманы;

ұшуларды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері;

авиация станциясының операторы.

3. Әуе кемелері экипажы мүшесінің, сыртқы ұшқыштың, ӘҚҚ диспетчерінің, ӘК ТҚ жөніндегі персоналдың, жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың, ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің және авиациялық станция операторының функцияларын орындауды осы біліктілік талаптарына жауап беретін және тиісті біліктілік белгілері бар авиация персоналының қолданыстағы куәлігі (бұдан әрі-куәлік) бар тұлға жүзеге асырады.

Осы Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттары, олардың көшірмелері мен жазбалары бар авиация персоналының жеке істері азаматтық авиация ұйымдарында және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) сақталады және авиация персоналы куәлігінің қолданылу әрекеті аяқталған сәттен бастап 5 жыл өткен соң уәкілетті ұйымның мұрағатына заңнамада белгіленген тәртіппен тапсырылады.

4. Осы Біліктілік талаптарында пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер :

1) авиациялық оқу орталығы (бұдан әрі – АОО) – авиация персоналын даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіптік деңгейін ұстауды жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – АТҚЖЖ) – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және (немесе) оны жөндеуді жүзеге асыратын және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның қолданыстағы сертификаты бар заңды тұлға;

3) автожир – ауадан ауыр, ұшу кезінде авторотация режимінде еркін айналатын тірек бұранданың көтеру күшімен қалықтайтын әуе кемесі;

4) адамның мүмкіндіктері – авиация қызметінің қауіпсіздігіне және тиімділігіне әсер ететін адамның қабілеттері және оның қабілеттерінің шектері;

5) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

7) азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі – АА ұйымы) – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) арнайы белгі – куәлікте жасалған қосымша жазба, онда тілді меңгеру деңгейі туралы белгіні қоса алғанда, ерекше шарттар, құқықтар немесе шектеулер және осы куәлікке қатысты басқа да ақпарат көрсетіледі;

9) аспаптар бойынша жер үсті жаттығуының уақыты –ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысында пилоттың аспаптар бойынша ұшуды жерде имитациялық ұшуды пысықтайтын уақыты;

10) аспаптар бойынша ұшу уақыты–пилоттың сыртқы бағдарларды пайдаланусыз тек аспаптар бойынша әуе кемесін ұшыру уақыты;

11) аспаптық уақыт – аспаптар бойынша ұшу уақыты немесе аспаптар бойынша жер үсті жаттығуының уақыты;

12) әуе кемелерінің түрі – белгіленген негізгі сипаттамалардың негізінде әуе кемелерін саралау:

ұшақ;

тікұшақ;

планер;

еркін аэростат;

көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі;

дирижабль;

мотодельтаплан;

автожир;

13) әуе кемесі (бұдан әрі – ӘК) – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын кез келген аппарат;

14) әуе кемесінің командирі (бұдан әрі – ӘКК) – пайдаланушы немесе жалпы мақсаттағы авиация жағдайында, әуе кемесінің иесі командирдің міндеттерін орындауға және ұшуды қауіпсіз орындауға жауап беруге әуе кемесінің иесі тағайындаған пилот;

15) бақылаудағы әуе кемесінің командирі – уәкілетті ұйым үшін бақылау әдістемесіне сәйкес ӘКК бақылауымен ӘКК міндеттері мен функцияларын орындайтын екінші ұшқыш;

16) бекітілген бағдарлама бойынша даярлық – бақылаумен және уағдаласатын мемлекет бекіткен арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асырылатын даярлық;

17) борттық электрондық жабдық – әуе кемесінің бортында пайдалануға арналған кез келген электрондық құрылғы, оның электрлік бөлігін қоса алғанда, оның ішінде радио жабдық, ұшуды автоматты басқару жүйесі және аспаптық жабдық;

18) біліктілік – алдын ала ұйғарым деңгейінде орындау үшін талап етілетін дағдылардың, білімдердің және міндеттердің үйлесімі;

19) біліктілік белгісі – куәлікте немесе оған қатысы бар құжатта жасалған ерекше жағдайларды, құқықтарды немесе осы куәлікке жататын шектеулерді көрсететін жазба;

20) бір пилотпен ұшу үшін сертификатталған әуе кемесі – тіркеу мемлекетінің сертификаттау уақытында қабылдаған шешімі бойынша, ұшу экипажының ең аз құрамы, атап айтқанда бір пилотпен пайдалануға рұқсат етілген әуе кемесінің типі;

21) дирижабль – күш қондырғысы әрекетке келтіретін ауадан жеңіл әуе кемесі;

22) екінші пилот – әуе кемесі командирінің функцияларынан басқа, пилоттың кез келген функцияларын орындайтын пилот куәлігі бар тұлға; ерекшелік тек ұшу даярлығынан өту мақсатында әуе кемесінің бортындағы пилот болып табылады;

23) емтихан қабылдаушы (бағалаушы) – тиісті біліктілігі бар, куәліктерді беру немесе ұзарту немесе біліктілік белгілерін енгізу немесе дербес қызметке рұқсат беру мақсатында авиация персоналының, мамандардың теориялық білімін және (немесе) практикалық дағдыларын бағалауды жүргізуге уәкілетті және уәкілетті ұйым тағайындаған жеке тұлға;

24) еркін аэростат – ауадан жеңіл, ұшу үшін қабығындағы газдың немесе қоршаған ауаның тығыздығынан аз тығыздықтағы қыздырылған ауаның көтеру күшін пайдаланатын ұшу аппараты;

25) коммерциялық әуе тасымалы – заңды тұлғалардың жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін азаматтық әуе кемелерімен әуе тасымалы шартына сәйкес ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдау жөніндегі қызметі;

26) көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесі – ауадан ауыр, тік ұшып көтерілуді, тік қонуды және негізінен осы ұшу режимдерінде көтеру күшін жасау үшін пайдаланылатын қанатты механизациялау қозғалтқышы немесе қозғалтқыш тартымы, сондай-ақ көлденең ұшуды орындау кезінде көтеру күшін жасайтын айналмайтын аэродинамикалық беткі қабаттар қамтамасыз ететін аз жылдамдықта ұшуды орындайтын әуе кемесі;

27) куәлігінде біліктілік белгісі бар әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері – куәлігі және ол жүзеге асыратын құқықтарға сәйкес қолданыстағы біліктілік белгілері бар ӘКҚ диспетчері;

28) қателік – АА ұйымының немесе пайдалану персоналының осы мүшесінің ниеттерінен немесе болжамдарынан кері шегінуіне әкелетін пайдалану персоналы мүшесінің әрекеті немесе әрекетсіздігі;

29) қателіктерді бақылау – қателіктерді табу және қателіктердің зардаптарын азайтатын немесе жоятын және қателер мен қолайсыз жағдайлардың ықтималдылығын төмендететін қарсы шаралардың көмегімен оларға ден қою үрдісі;

30) қатер – пайдалану персоналы мүшелерінің құзыреті саласынан тыс болатын, пайдаланудың күрделілігін арттыратын және қауіпсіздіктің рұқсат етілген деңгейін ұстап тұру үшін басқарылуы қажет оқиғалар немесе қателіктер;

31) қатерлер факторларын бақылау – қатерлерді табу және қатерлердің зардаптарын азайтатын немесе жоятын және қатерлердің немесе қолайсыз жағдайлардың ықтималдылығын төмендететін қарсы шаралардың көмегімен оларға ден қою үрдісі;

32) медициналық қорытынды – денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығына қойылатын талаптарға оның иесінің сәйкестігін растайтын құжат;

33) мотоделътаплан – икемді қанаты бар және теңгерулі басқаралатын моторлы аса жеңіл әуе кемесі;

34) нұсқаушы – өзінің біліктілігіне сәйкес авиация персоналын кәсіби даярлауды және дағдыларын тестілеуді тікелей жүзеге асыратын тұлға;

35) нұсқаушымен ұшу – тиісті куәлігі бар нұсқаушы пилотпен бірге әуе кемесінің бортында ұшу даярлығынан уақыт ішінде өтетін қандай да бір тұлғаның ұшу уақыты;

36) өз бетінше ұшу – студент - пилот әуе кемесінің бортында жалғыз адам болып табылатын уақыт;

37) пайдалану үшін екінші пилот талап етілетін әуе кемесі – типтің сертификатында немесе пайдаланушының сертификатында белгіленгендей, оны пайдалану үшін екінші пилот талап етілетін әуе кемесінің типі;

38) пилотсыз ұшу аппараты-бортында пилотсыз (экипажсыз) ұшуды орындайтын және ұшуда оператор басқару пунктінен автоматты түрде немесе көрсетілген тәсілдерді үйлестіре отырып басқаратын әуе кемесі;

39) пилоттың басқаруы – ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқару органдарымен манипуляция жасау;

40) планер – ауадан ауыр, көтеру күші негізінен осы ұшу жағдайларында қозғалмаған күйінде қалатын үстіңгі беттердегі аэродинамикалық реакциялар есебінен қалыптасатын күш қондырғысы арқылы қозғалысқа келтірілетін әуе кемесі;

41) сыртқы ұшқыш – қашықтықтан басқарылатын әуе кемесінің ұшуын орындау бойынша қажетті міндеттерді орындайтын және ұшу уақыты ішінде ұшуды басқарудың тиісті органдарымен айла-шарғы жасайтын жеке тұлға.

42) түн – кешкі азаматтық ымырттың аяқталу және таңертеңгі азаматтық ымырттың басталуы арасындағы уақыт кезеңі;

43) тікұшақ – ауадан ауыр, ұшу кезінде негізінен шамамен тікқалыпта болатын осьтердің айналасындағы күш қондырғысы арқылы айналатын бір немесе бірнеше тірек бұрандамен ауа реакциясының есебінен қалықтайтын әуе кемесі;

44) ұшақ – ауадан ауыр, ұшу кезіндегі көтеру күші негізінен осы ұшу жағдайларында қозғалмаған күйінде қалатын үстіңгі беттердегі аэродинамикалық реакциялар есебінен қалыптасатын күш қондырғысы арқылы қозғалысқа келтірілетін әуе кемесі;

45) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысы (бұдан әрі – тренажер) – олардың көмегімен жерде ұшу жағдайлары имитацияланатын құрылыстардың үш түрінің кез келгені:

механикалық, электрлік, электрондық және басқа борттық басқару жүйелерінің нақты функцияларын, ұшу экипажы мүшелері үшін әдеттегі жағдайды және ӘК осы үлгісінің ұшу сипаттамаларын имитациялауға мүмкіндік беретін әуе кемесінің белгілі бір типіндегі экипаж кабинасын нақты жаңғыртуды қамтамасыз ететін ұшу жағдайларын имитациялайтын тренажер;

экипаж кабинасындағы жағдайды нақты жаңғыртуды қамтамасыз ететін және аспаптардың көрсеткіштерін, механикалық, электрлік, электрондық және басқа борттық жүйелердің қарапайым функцияларын, сондай-ақ белгілі бір сыныптағы ӘК ұшу-техникалық сипаттамаларын имитациялайтын ұшу техникасын пысықтауға арналған тренажер;

тиісті аспаптармен жабдықталған және аспаптар бойынша ӘК ұшу кезіндегі жағдайға ұқсас экипаж кабинасындағы жағдайды имитациялайтын аспаптар бойынша ұшуға негізгі дайындыққа арналған тренажер;

46) ұшу жоспары – пилот, экипаж немесе пайдаланушы әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) әуе қозғалысын басқару органдарына ұсынатын белгіленген ұшу немесе әуе кемесінің ұшу бөлігі туралы белгілі бір мәліметтер;

47) ұшу кезіндегі ахуал:

күрделі – ӘК экипажына елеулі жоғары психофизиологиялық жүктемемен немесе тұрақтылықтың, басқарушылықтың, ұшу сипаттамаларының нашарлауымен немесе ұшудың бір немесе бірнеше параметрлерінің пайдалану шектеулерінен шығуымен сипатталатын, бірақ ұшудың шекті шектеулеріне не есептік жағдайларына қол жеткізуіңіз ерекше ахуал;

ерекше – туындауы қолайсыз факторлардың әсерімен немесе ұшулардың қауіпсіздік деңгейін төмендетуге әкелетін ұшулардың кез келген сатысындағы олардың үйлесуімен байланысты авиациялық оқиға;

авариялық – ӘК экипажына елеулі жоғары психофизиологиялық жүктемемен, ұшу сипаттамаларының, тұрақтылықтың, басқарушылықтың нашарлауымен және ұшудың шекті шектеулеріне және есептік жағдайларына жетуге (арттыруға) әкелетін ерекше ахуал;

48) ұшу уақыты:

ұшақтар, автожирлер, мотодельтапландар және көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері үшін – ұшып көтерілу мақсатында әуе кемелерінің қозғалысы басталған сәттен бастап ұшу аяқталғанға дейін оның тоқтаған сәтіне дейінгі жалпы уақыт;

тікұшақтар үшін – ұшып көтерілу мақсатында тірек бұрандалар қалақтарының айналуы басталған сәттен бастап ұшу және тірек қалақшалардың айналуы тоқтағаннан кейін тікұшақтың толық тоқтаған сәтіне дейінгі уақыт;

дирижабльдер үшін – ұшып көтерілу мақсатында дирижабль мачтадан босатылған сәттен бастап ұшу аяқталғаннан кейін дирижабль түпкілікті тоқтаған және мачтаға бекітілген сәтке дейінгі жалпы уақыт;

планерлер үшін – ұшып көтерілу үрдісінде планер жер үстімен екпін алуды бастаған сәттен бастап ұшу аяқталғаннан кейін планердің тоқтаған сәтіне дейінгі буксирмен немесе буксирсіз ұшудың жалпы уақыты;

аэростаттар үшін – ұшып көтерілу мақсатында гондола жерден көтерілген сәттен бастап ұшу аяқталғаннан кейін ол түпкілікті тоқтаған сәтке дейінгі жалпы уақыт;

49) ұшу шеберлігі – ұшудың мақсаттарына қол жеткізу үшін білімдерді, дағдыларды және машықтарды пайдалана отырып, ӘК басқару бойынша ұдайы дұрыс шешімдер қабылдау және жүзеге асыру;

50) ұшу экипажының мүшесі – ұшу уақытының ішінде әуе кемесін басқарумен байланысты міндеттер жүктелген авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі бар авиация персоналына жататын адам.

## **2-тарау. Аса жеңіл әуе кемесінің пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

### **1-параграф. Мотодельтапланда, автожирде, дирижабльде және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі аса жеңіл әуе кемесінің пилотына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

5. Аса жеңіл әуе кемесі - мотодельтапланның, автожирдің, дирижабльдің және көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің пилот куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) жеңіл және аса жеңіл авиация класына жарамды медициналық қорытынды;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгі бағдарламаларына ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) сәйкес әзірленген 100 сағаттан кем емес көлемде сертификатталған АОО-да теориялық даярлық курсынан (бұдан әрі – үлгілік бағдарламалар) өту және мынадай салаларда теориялық білім деңгейін көрсету:

аса жеңіл әуе кемесі пилотының ұшуларды орындауына қатысты халықаралық әуе заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері, аса жеңіл әуе кемесінің, ӘҚК ұшқышы куәлігінің иегері, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

күштік қондырғыларды, жүйелерді және аспаптық жабдықты пайдалану және олардың жұмыс қағидаттары;

пайдаланудағы шектеулер;

ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаудан немесе осы ақпаратты қамтитын басқа құжаттан тиісті пайдалану деректері;

дирижабльдер үшін – пайдаланылатын газдардың физикалық сипаттамалары мен практикалық қолданылуы, газды қондырғыларды, жүйелерді және аспаптық жабдықты пайдалану және олардың жұмыс істеу қағидаттары;

жүктеменің және массаның таралуының ұшу сипаттамаларына әсері, массаны және орталықтандыруды есептеу;

ұшып көтерілу, қону және пайдалану құжаттамасында келтірілген басқа да ұшу-техникалық сипаттамаларды пайдалану және практикалық қолдану;



визуалдық ұшу қағидалары (бұдан әрі – ВҰҚ) бойынша ұшуларды орындау кезінде бағдар бойынша ұшу алдындағы даярлық және ұшуды жоспарлау ӘҚҚ ұшу жоспарларын дайындау және толтыру, ӘҚҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасының талаптары, орналасқан жері туралы хабарламалар тәртібі, биіктік өлшегішті орнату тәртібі, қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуларды орындау;

орналасқан жері туралы жеткізу, әуе қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуларды орындау тәртібі;

әуе қозғалысын ұйымдастыру;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорология негіздерін және ережелерді қолдану Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 14 маусымдағы № 345 бұйрығымен бекітілген № 15358 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары) (бұдан әрі – метеорологиялық қамтамасыз ету қағидалары), биіктігін өлшеу, қауіпті метеорологиялық жағдайлар;

қауіпті метео жағдайларды анықтау әдістері;

дирижабль үшін – негізгі метеорологиялық құбылыстар және аэросиноптиктік үрдістер, аэростат пен дирижабльдік ұшуларды орындауына метеорологиялық элементтердің әсері;

аэронавигацияның практикалық аспектілері және жолды санау әдістері, аэронавигациялық карталарды пайдалану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтарды және қысқартуларды пайдалану;

пайдалану жағдайында қатер және қателіктер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

биіктік өлшегішті орнату тәртібі;

аэронавигациялық құжаттаманы пайдалану: аэронавигациялық ақпарат жинағы, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтар мен қысқартулар;

тиісті сақтық шаралары және қауіпті метеожағдайларды, ӘК-ден жол ізіндегі турбуленттілікті және ұшу үшін қауіпті басқа да құбылыстарды айналып өту мақсатында алдын ала қабылданатын іс-қимыл;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және пайдаланылатын сигналдар, әдістер және соқтығысуларды болдырмау шаралары;

дирижабль үшін – газдың сыртқа шығуынан жылдам төмен түсу режимін тану және одан шығу;

визуалдық метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасының талаптары;

ұшудың негіздері мен қағидаттары;

"Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6635 болып тіркелген) бекітілген ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезіндегі радиоалмасу фразеологиясының қағидалары (бұдан әрі – радиоалмасу фразеологиясының қағидалары) ВҰҚ бойынша ұшуға қатысты, байланыс істен шыққан кездегі іс-қимыл;

аса жеңіл әуе кемесіне ұшудың алдында және ұшудан кейін техникалық қызмет көрсету рәсімдері, жедел және мерзімдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу;

авиациялық жанар-жағармай материалдарының, пайдалануда қолданылатын арнайы сұйықтықтар мен газдардың негізгі түрлері;

4) мынадай салалардағы пайдалану тәжірибесі:

ӘК жинау және қарауды қоса алғанда ұшу алдындағы даярлық;

әуе жылдамдығының тиісті шектеулерін, авариялық жағдайдағы әрекет ету тәртібі және пайдаланылатын сигналдарды қоса алғанда, старттың пайдаланылатын әдісі кезінде қолданылатын техникалық тәсілдер мен рәсімдер;

қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуларды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шаралар;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен планерді басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонында ұшу;

бастапқы және дамыған бірігуді тану және одан және бұранда бойынша күрт төмендеуден шығу;

қалыпты жағдайларда және бұйірлік жел жағдайларында ұшып кету, қонуға кіру және қону;

визуалдық бағдарлардың және жолды есептеу әдістерінің көмегімен бағдар бойынша ұшу;

авариялық жағдайдағы әрекет ету тәртібі.

**2-параграф. Аса жеңіл әуе кемесі мотодельтаплан пилотының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

6. "Мотодельтоплан" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар әуе кемесі пилотының куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) 20 сағаттан кем емес ұшу, оның ішінде:

10 сағат нұсқаушымен бірге мотодельтапланда, онда дербес ұшуларға даярлық тексерілетін болады, олардың ішінде 3, 15, 30 және 50 метр биіктіктерде кемінде 25 ұшу және дроссельденген қозғалтқышпен 40 қону;

өте аз әуе жылдамдықтарында ұшу 1 сағат ұшу, ауытқудың, қанатты жинауды ескертудің бастапқы және дамыған сатыларында тану және шығару;

6 сағат дербес ұшу, олардың ішінде кемінде 40 километр (одан әрі - км) қашықтықта бағыттар бойынша кемінде 2 сағат дербес ұшулар;

2) мотодельтапланның пилоты ретінде мынадай салалардағы пайдалану тәжірибесі: мотодельтапланды жинау және қарауды қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық; қатерлер мен қателіктер факторларын тану, талдау және бақылау; ұшуда ахуалды бағалаудың және жақсы ұшу дағдыларын білудің негізінде, күрделі, ерекше және авариялық жағдайлар туындаған кезде қалыпты ұшуда ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейін қамтамасыз ете отырып, дұрыс шешімдер қабылдау;

әуе жылдамдығының шектеулерін, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібін сақтау; қозғалыс схемалары бойынша ұшуларды орындау, соқтығысуларды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шаралар;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен бағдар бойынша мотодельтапланды басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонында ұшуды орындау;

бастапқы және дамыған ауытқуды тану және одан, қанатты жинаудан және ұшудың басқа да қауіпті режимдерінен шығу;

ұшудың қауіпті режимдеріне шығуды болдырмау;

түрлі жағдайларда ұшып көтерілу және қону (бүйір желдері, дроссельденген қозғалтқышпен, шектеулі ұшып көтерілу-қону жолағы);

визуальдық бағдарлар мен жолды есептеу әдістерінің көмегімен бағдар бойынша ұшуларды орындау;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі;

ең төменгі және ең жоғары күрделі әуе жылдамдықтарында ұшу, қанаттың ауытқуын тану және бастапқы және дамыған сатыларынан шығару.

### **3-параграф. Аса жеңіл әуе кемесі автожирде пилоттың біліктілік белгілерін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

7. "Автожир" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар аса жеңіл әуе кемесі пилотының куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) автожирде ұшу даярлығының барысында кемінде 25 сағат ұшу, оның ішінде:

15 сағат автожирде нұсқаушымен бірге, онда дербес ұшуларға даярлықты тексеру жүргізілетін болады, олардың ішінде кемінде дроссельденген қозғалтқышпен 10 қону;

өте аз әуе жылдамдықтарында 1 сағат ұшу, ротор айналымының баяулаудың бастапқы және дамыған сатыларында тану және шығару;

ұзындығы 100 км кем емес бағдар бойынша ұшып шығу аэродромынан ерекшеленетін басқа аэродромда толық тоқтағанға дейін бір қонумен 2 сағат ұшу;

6 сағат дербес ұшу, олардың ішінде кемінде 3 сағат бағдарлар бойынша дербес ұшу, оның ішінде 1 ұшу ұзындығы 100 км кем емес бағдар бойынша ұшып шығу аэродромы болып табылмайтын басқа аэродромда толық тоқтағанға дейін бір қонумен ұшу;

2) мынадай салаларда автожирде жеңіл әуе кемесінің пилоты ретінде пайдалану тәжірибесі:

автожирді жинауды және қарауды қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық;

қатерлер мен қателіктерді тану, талдау және бақылау;

ұшуда ахуалды бағалаудың және жақсы ұшу дағдыларын білудің негізінде, күрделі, ерекше және авариялық жағдайлар туындаған кезде қалыпты ұшуда ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейін қамтамасыз ете отырып, дұрыс шешімдер қабылдау;

әуе жылдамдығының шектеулерін, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібін сақтау;

қозғалыс схемалары бойынша ұшуларды орындау, соқтығысуларды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шаралар;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен бағдар бойынша ӘК басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонында ұшуларды орындау;

бастапқы және дамыған ауытқуды тану және одан, қанатты жинаудан және ұшудың басқа да қауіпті режимдерінен шығу;

ұшудың қауіпті режимдеріне шығуды болдырмау;

түрлі жағдайларда ұшып көтерілу және қону (бүйір желдері, дроссельденген қозғалтқышпен, шектеулі ұшып көтерілу-қону жолағы);

визуальдық бағдарлар мен жолды есептеу әдістерінің көмегімен бағдар бойынша ұшуларды орындау;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі;

ең төменгі және ең жоғары күрделі әуе жылдамдықтарында ұшу, ротор айналымының баяулауының бастапқы және дамыған сатыларын тану және шығару.

#### **4-параграф. Аса жеңіл әуе кемесі дирижабльде пилоттың біліктілік белгілерін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

8. "Дирижабль" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар аса жеңіл әуе кемесінің пилоты куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) дирижабльдерде пилот ретінде кемінде 25 сағат ұшу, оның ішінде:

Жалпы ұзындығы кемінде 45 км бағдар бойынша ұшуды қоса алғанда, дирижабльде бағдар бойынша 3 сағат жаттығу ұшуы;

әрбір қонудың алдында аэродром аймағында қозғалыстың белгіленген сызбасы бойынша ұшудың орындауды қоса алғанда, аэродромда толық тоқтағанға дейін 5 ұшып көтерілуді және 5 қонуды орындау;

аспаптар бойынша 3 сағат ұшу;

ӘКК бақылауымен ӘКК функциясын орындаушы пилот ретінде 5 сағат ұшу;

2) пайдалану тәжірибесі, мынадай салаларда:

кәтер мен қателіктер факторларын тану және бақылау;

дирижабльдердің массасын және орталықтануын есептеуді, қарауды және қызмет көрсетуді қоса алғанда ұшу алдындағы даярлық

жерүсті бағдарлары бойынша маневрлерді орындау;

қозғалыс схемалары бойынша әуеайлақтық қозғалыс және ұшулар, соқтығысуларды болдырмаумен байланысты қағидалар мен сақтық шаралары;

тиісті шектеулерді қоса алғанда, ұшып көтерілуді орындаудың әдістері мен рәсімдері, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және пайдаланылатын сигналдар;

сыртқы визуалды бағдарлар бойынша дирижабльді басқару;

ұшып көтерілу, қонулар және екінші айналымға кету;

ең жоғары режимде ұшып көтерілу техникасы (кедергілерді ұшып өтуді ескере отырып);

көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды орындауды қоса алғанда, тек аспаптар бойынша ұшу;

навигация, визуалдық бағдарлардың, жолды есептеудің және радионавигациялық құралдардың көмегімен бағыт бойынша ұшу;

дирижабль жабдығының істен шығуын имитациялауды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі (сыртқа ағып кетуді тану);

Радиоалмасу фразеологиясының қағидалары.

#### **5-параграф. Көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде аса жеңіл әуе кемесі ұшқышының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

9. "Көтеру күшін ұлғайту жүйесімен" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар аса жеңіл әуе кемесі ұшқышының куәлігін алуға үміткер мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде ұшу дайындығы барысында кемінде 25 сағат ұшу, оның ішінде:

Өздігінен ұшуға дайындығын тексеру жүргізілетін көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінде нұсқаушымен 15 сағат, оның ішінде кемінде 10 қону;

Өте аз әуе жылдамдықтарында 1 сағат ұшу, ротор айналымдарының баяулауының бастапқы және дамыған сатысынан тану және шығару.

Ұшып шығу әуеайлағынан ерекшеленетін, бір қонумен басқа әуеайлақта толық тоқтағанға дейін ұзындығы кемінде 100 км маршрут бойынша 3 сағат ұшу;

Дербес ұшудың 6 сағаты, оның ішінде маршруттар бойынша дербес ұшудың кемінде 3 сағаты, оның ішінде ұшу әуеайлағы болып табылмайтын басқа әуеайлақта толық тоқтағанға дейін бір қонумен ұзақтығы кемінде 100 км маршрут бойынша 1 ұшу;

2) мынадай салаларда көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінде жеңіл әуе кемесінің ұшқышы ретінде пайдалану тәжірибесі:

көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесін құрастыруды және қарауды қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

қауіптер мен қателер факторларын тану, талдау және бақылау;

күрделі, ерекше және авариялық жағдайлар туындаған кезде қалыпты ұшу кезінде ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейін қамтамасыз ете отырып, ұшу жағдайын бағалау және жақсы ұшу шеберліктерін иелену негізінде дұрыс шешімдер қабылдау;

ауа жылдамдығының шектеулерін, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібін сақтау;

қозғалыс схемалары бойынша ұшуларды орындау, соқтығысуды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шаралар;

сыртқы визуалды бағдарлардың көмегімен бағыт бойынша көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесін басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонында ұшуды орындау;

ұшудың қауіпті режимдеріне шығудың алдын алу;

әр түрлі жағдайдағы ұшу-қону (бүйірлік жел, шектеулі ұшу-қону жолағы);

визуалдық бағдарлары мен жолды есептеу әдістерінің көмегімен маршрут бойынша ұшуларды орындау;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі;

ең төменгі және ең жоғары әуе жылдамдықтарында ұшу, ротор айналымдарының баяулауының бастапқы және дамыған сатысынан тану және шығару.

### **3-тарау. Жеңіл әуе кемесінің пилотына қойылатын біліктілік талаптары (ұшақ, тікұшақ)**

10. Ұшақта жеңіл әуе кемесінің пилоты куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) ең төменгі жас – 18 жастан бастап;

2) жеңіл және аса жеңіл авиация класына жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 100 сағат көлемінде Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

аса жеңіл әуе кемесі пилотының ұшуларды орындауына қатысты халықаралық әуе заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері, жеңіл әуе кемесінің, ӘҚК ұшқышы куәлігінің иегері, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

күштік қондырғыларды, жүйелерді және аспаптық жабдықты пайдалану және олардың жұмыс қағидаттары;

пайдаланудағы шектеулер;

ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаудан немесе осы ақпаратты қамтитын басқа құжаттан тиісті пайдалану деректері;

жүктеменің және массаның таралуының ұшу сипаттамаларына әсері, массаны және орталықтандыруды есептеу;

ұшып көтерілу, қону және пайдалану құжаттамасында келтірілген басқа да ұшу-техникалық сипаттамаларды пайдалану және практикалық қолдану;

ВҰҚ бойынша ұшуларды орындау кезінде бағдар бойынша ұшу алдындағы даярлық және ұшуды жоспарлау, ӘҚҚ ұшу жоспарларын дайындау және толтыру, ӘҚҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы, орналасқан жері туралы хабарламалар тәртібі, биіктік өлшегішті орнату тәртібі, қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуды орындау;

орналасқан жері туралы жеткізу, әуе қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуларды орындау тәртібі

әуе қозғалысын ұйымдастыру;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

авиация метеорологиясының негіздерін және метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын қолдану, биіктікті өлшеу, қауіпті метеорологиялық жағдайлар;

қауіпті метеожағдайларды анықтау әдістері;

аэронавигацияның практикалық аспектілері және жолдысанау әдістері, аэронавигациялық карталарды пайдалану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтарды және қысқартуларды пайдалану;

пайдалану жағдайында қатер және қателіктер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

биіктік өлшегішті орнату тәртібі;

аэронавигациялық құжаттаманы пайдалану: аэронавигациялық ақпарат жинағы, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтар мен қысқартулар;

тиісті сақтық шаралары және қауіпті метеожағдайларды, ӘК-ден жол ізіндегі турбуленттілікті және ұшу үшін қауіпті басқа да құбылыстарды айналып өту мақсатында алдын ала қабылданатын іс-қимыл;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және пайдаланылатын сигналдар, әдістер және соқтығысуларды болдырмау шаралары;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және пайдаланылатын сигналдар, соқтығыстарды болдырмаудың әдістері мен шаралары;

визуалдық метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасының талаптары;

ұшудың негіздері мен қағидаттары;

ВҰҚ бойынша ұшуларға қолданылатын радиоалмасу фразеологиясының қағидалары, байланыс істен шыққан кездегі іс-қимыл;

аса жеңіл әуе кемесіне ұшудың алдында және ұшудан кейін техникалық қызмет көрсету рәсімдері, жедел және мерзімдік қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу;

авиациялық жанар-жағармай материалдарының, пайдалануда қолданылатын арнайы сұйықтықтар мен газдардың негізгі түрлері.

4) ұшақтарда ұшу даярлығының кемінде 40 сағат ұшу, оның ішінде ұшақта нұсқаушымен 25 сағат болу, онда дербес ұшуларға әзірлікке тексеру жүргізілетін болады;

тиісті аспаптармен жабдықталған ұшақта көлденең беттерде бұрылуды орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша 180° 1,5 сағат;

өте аз әуе жылдамдықтарында 1,5 сағат ұшу, ауытқудың, штопорға түсуді ескертудің бастапқы және дамыған сатыларында тану және шығару;

бағдарлар бойынша 2 ұшу, оның ішінде бір ұшу ұзындығы кемінде 270 км бағдар бойынша ұшып көтерілу аэродромы болып табылмайтын 2 түрлі аэродромда толық тоқтағанға дейін қонулармен;

5) кемінде 10 сағат дербес ұшу, олардың ішінде:

5 сағат шеңбер бойынша және аймаққа;

2 ұшу бағдарлар бойынша, оның ішінде 1 (бір) ұшу ұзындығы кемінде 270 км бағдар бойынша ұшу ұшып көтерілу аэродромы болып табылмайтын 2 түрлі аэродромда толық тоқтағанға дейін қонулармен;

б) пайдалану тәжірибесі, мынадай салаларда:

қатер мен қателік факторларын тану, талдау және бақылау;

ӘК сипаттамаларының шектеулері шегінде оны басқару;

көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша ӘК басқару;

барлық маневрлерді біртіндеп және дәл орындау;

дұрыс шешімдер қабылдау және ұшуда бақылауды білікті жүзеге асыру;

аэронавигация саласында білімдерді қолдану;

ӘК басқаруды ұдайы ұшудың немесе маневрдің сызбасын дәл орындауды қамтамасыз ететіндей етіп жүзеге асыру.

11. Тікұшақпен жеңіл әуе кемесі ұшқышының куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) тікұшақтарда кемінде 45 сағат ұшу даярлығының ұшуы, оның ішінде сертификатталған тренажерде кемінде 5 сағат ұшу есепке алынады, оның ішінде кемінде:

қос басқарылатын тікұшақта ұшқыш-нұсқаушымен 25 сағат;

пилот-нұсқаушының басшылығымен тікұшақтарда 10 сағат дербес ұшу, оның ішінде бағыт бойынша 5 сағат дербес ұшу, бұл ретте ұзындығы кемінде 180 км маршрут бойынша екі түрлі пунктке қона отырып бір ұшу;



көлденең жазықтықта 1800 бұрылысты орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша 3 сағат ұшу;

тікұшақта пилот - нұсқаушымен 35 сағат ұшу, онда дербес ұшуға әзірлікті тексеру жүргізілетін болады;

2) тікұшақпен жеңіл әуе кемесінің ұшқышына қойылатын талаптар деңгейіндегі мынадай салалардағы пайдалану тәжірибесі:

қауіп пен қателік факторларын тану және бақылау;

салмақты және орталықтандыруды есептеуді, тікұшақты қарау мен қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

әуеайлақтық қозғалыс және қозғалыс сызбасы бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмау әдістері мен шаралары;

сыртқы визуалды бағдарлар арқылы тікұшақты басқару;

қозғалтқыштар жұмыс істеп тұрған кезде істен шығу режимінен бастапқы кезеңде шығару;

қозғалтқыш айналымдарының қалыпты диапазонындағы бұранданың аз айналу режимінен шығару әдістері;

жерде маневрлеу және қозғалтқышты сынамалау; іліну; ұшып көтерілу және қону - қалыпты жағдайларда, ілеспе желмен және еңісі бар алаңдардан;

ең аз қажетті тартыммен ұшу және қону; ең жоғары режимде ұшу және қону техникасы;

көлденең жазықтықта 180° бұрылысты орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша ғана ұшу;

шектеулі көлемдегі алаңдардан ұшуларды жүргізу; жылдам аялдау;

визуалдық бағдарларының, жолды есептеу әдістерінің және олар болған кезде радионавигациялық құралдардың көмегімен маршрут бойынша ұшу, ең болмағанда бір сағаттық ұшуды қоса алғанда;

борттық жабдықтың ақауларын имитациялауды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы іс-қимылдар; авторотация режимінде қонуға кіру;

радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын әуеайлаққа ұшу, бақыланатын әуеайлақтан ұшып шығу, бақыланатын әуеайлақтың ұшып өтуі.

#### **4-тарау. Жеке пилотқа қойылатын біліктілік талаптары**

**1-параграф. Ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдың және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесіде жеке пилотына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

12. Ұшақта, тікұшақта, дирижабльда және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде жеке пилоттың куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) 2 класты жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 100 сағат көлемінде Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық курстан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

жеке пилоттың ұшуларды орындауына қатысты халықаралық әуе заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері, жеке пилот куәлігін иеленушінің, ӘҚК, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

қозғалтқыштарды, жүйелерді және аспаптық жабдықты пайдалану және олардың жұмыс қағидаттары;

ӘК тиісті түрінің және қозғалтқыштардың пайдалану шектеулері, ӘК ұшуын пайдалану жөніндегі нұсқаудан немесе осы ақпаратты қамтитын басқа құжаттан тиісті пайдалану деректері;

тікұшақтар мен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері: трансмиссия ( күштік жетек);

жүктеменің және массаның таралуының ұшу сипаттамаларына әсері, массаны және орталықтандыруды есептеу;

ұшып көтерілу, қону және басқа да сипаттамаларды пайдалану және практикалық қолдану;

ВҰҚ бойынша ұшуларды орындау кезінде бағдар бойынша ұшу алдындағы даярлық және ұшуды жоспарлау ӘҚК-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы, орналасқан жері туралы хабарлау тәртібі, биіктік өлшегішті орнату тәртібі, қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуды орындау;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

авиация метеорологиясының негіздерін және қамтамасыз ету қағидаларын қолдану;

аэронавигацияның практикалық аспектілері және жолды санау әдістері, аэронавигациялық карталарды пайдалану;

аэронавигациялық құжаттаманы: аэронавигациялық ақпарат жинағы, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтарды және қысқартуларды пайдалану;

пайдалану жағдайында қатер және қателіктер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

биіктік өлшегішті орнату тәртібі;

қауіпті метеожағдайларды, іздегі турбуленттілікті және ұшу үшін қауіпті басқа да құбылыстарды айналып өту мақсатында алдын ала қабылданатын іс-қимыл қоса алғанда; тиісті сақтық шаралары және авариялық жағдайдағы іс-әрекеттер;

тікұшақтар жағдайында және егер қолданылатын болса, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері: көрнекі метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы;

визуалдық метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;

ұшудың негіздері;

ВҰҚ бойынша ұшуларға қолданылатын радиоалмасу фразеологиясының қағидалары, байланыс істен шыққан кездегі іс-қимыл;

4) ӘКК ретінде ұшулар мен маневрлердің тиісті түрін орындау қабілеті, жеке пилоттарға берілетін тиісті құқықтар құзыреті дәрежесімен, сондай-ақ:

кәтер мен қателік факторларын тану және бақылау;

әуе кемесінің шектеулері шегінде оны басқару;

барлық маневрлерді біртіндеп және дәл орындау;

дұрыс шешімдер қабылдау және ұшуда бақылауды білікті жүзеге асыру;

аэронавигация саласында білімдерді қолдану;

әуе кемесін басқаруды ұдайы ұшудың немесе маневрдің схемасын табысты орындауды қамтамасыз ететіндей етіп жүзеге асыру.

13. Түнгі уақытта немесе аспаптар бойынша ұшуларды жүзеге асыру үшін жеке пилоттың куәлігін алуға кандидат пилот-нұсқаушымен бірге қосарлы басқаруы бар тиісті түрдегі әуе кемесінде ұшып көтерілуді, қонуды және навигацияны қамтитын түнгі уақытта немесе аспаптар бойынша ұшуларды орындау жөніндегі оқытудан өтеді.

## **2-параграф. Ұшақтың жеке пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

14. "Ұшақ" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар жеке пилот куәлігін алуға кандидатта

1) бекітілген бағдарлама бойынша кемінде 45 сағат даярлықтан өту курсының барысында ұшақ пилоты ретінде ұшу, оның ішінде ұшудың кемінде 5 сағаты сертификатталған тренажерде ұшу болып есептеледі, оның ішінде, кем емес:

қосарлы басқаруы бар ұшақта пилот-нұсқаушымен бірге 25 сағат ұшу, онда дербес ұшуларға әзірлікті тексеру жүргізілетін болады;

көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды қоса алғанда, аспаптар бойынша 3 сағат ұшу;

сұралатын біліктілік белгісіне сәйкес пилот-нұсқаушының басшылығымен ұшақтарда дербес ұшудың 10 сағаты, бағдар бойынша 5 сағат дербес ұшуды қоса алғанда, бұл ретте ұзындығы кемінде 270 км бағдар бойынша ұшып көтерілу аэродромы болып табылмайтын екі түрлі аэродромда толық тоқтағанға дейін қонумен ұшу;

2) жеке пилотқа қойылатын талаптардың деңгейінде пайдалану тәжірибесі мынадай салаларда:

кәтер мен қателік факторларын тану және бақылау;  
массаны және орталықтауды қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық, ұшақты қарау және қызмет көрсету;  
қозғалыс схемалары, соқтығысуларды болдырмау әдістері мен шаралары бойынша әуеайлақтық қозғалыс және ұшулар;  
сыртқы визуалды бағдарлардың көмегімен ұшақты басқару;  
өте төмен әуе жылдамдықтарында ұшу; бастапқы және дамыған ауытқуды тану және одан шығу;  
өте жоғары әуе жылдамдықтарында ұшу және бұрандамен тік төмендеуді белгілеу және одан шығу;  
қалыпты жағдайларда және бүйір желдерінде ұшып көтерілу және қону;  
қысқа екпінмен ұшып көтерілу (қысқартылған ұшу жолағы бар және кедергіден ұшып өту биіктігін ескере отырып);  
шектеулі көлемдегі аэродромға қону;  
тиісті аспаппен жабдықталған тікұшақта көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша ұшу;  
визуалдық бағдарларды, жолды есептеу әдістерін және болған жағдайда радионавигациялық құралдарды пайдалана отырып, бағдар бойынша ұшу;  
борттық жабдықтың ақауларын имитациялауды қоса алғанда, авариялық режимде жұмыс істеу;  
ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын аэродромға ұшу, бақыланатын аэродромнан ұшып көтерілу, бақыланатын аэродромнан ұшып өту.

### **3-параграф. Тікұшақтың жеке пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

15. "Тікұшақ" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар жеке пилот куәлігін алуға кандидатта:

1) кемінде 45 сағат тікұшақтарда ұшу даярлығының ұшуы, оның ішінде ұшудың кемінде 5 сағаты сертификатталған тренажерде ұшу болып есептеледі, оның ішінде, кем емес:

қосарлы басқаруы бар тікұшақта пилот-нұсқаушымен бірге 25 сағат;

бағдар бойынша 5 сағат дербес ұшуды қоса алғанда пилот-нұсқаушының басшылығымен тікұшақтарда 10 сағат дербес ұшу, бұл ретте екі түрлі пункттерде кемінде 180 км ұзындықтағы бағдар бойынша бір рет ұшу;

көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды орындауды қоса алғанда, аспаптар бойынша ұшу 3 сағат ұшу;

Пилот-нұсқаушымен 35 сағат ұшу, оларға дербес ұшуларға әзірлікті тексеру жүргізілетін болады.

2) жеке пилотқа қойылатын талаптар деңгейінде пайдалану тәжірибесі, мынадай салаларда:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

массаны және орталықтауды есептеуді, тікұшақты қарау және қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық;

әуеайлақтық қозғалыс және ұшулар қозғалыс сызбасына, соқтығысуларды болдырмаудың әдістері мен шаралары;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен тікұшақты басқару;

жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштарда опырылу режимінен бастапқы кезеңге шығару ; қозғалтқыш айналымдарының қалыпты диапазонының шегінде бұrandаның аз айналымдары режимінен шығару әдістері;

жерде маневрлеу және қозғалтқышты сынау; ілініп тұру; ұшып көтерілу және қону –қалыпты жағдайларда, ілеспе желмен және еңіс алаңдардан;

барынша аз тұтыну тартымымен ұшып көтерілу және қону; ең жоғары режимде ұшып көтерілу және қону техникасы;

көлденең жазықтықта 1800 бұрылуды орындауды қоса алғанда, тек аспаптар бойынша ұшу;

шектеулі көлемдегі алаңдардан ұшуды жүргізу; жылдам тоқтау;

визуалдық бағдарлардың, жолды есептеу әдістерінің және олар болған жағдайда радионавигациялық құралдарды пайдалана отырып, ең болмағанда 1 сағаттық ұшуды қоса алғанда, бағдар бойынша ұшу;

борттық жабдықтың ақауларын имитациялауды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы іс-қимыл; авторотация режимінде қонуға кіру;

ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын аэродромға ұшу, бақыланатын аэродромнан ұшып көтерілу, бақыланатын аэродромнан ұшып өту.

#### **4-параграф. Көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің жеке ұшқышына қойылатын біліктілік талаптары**

16. "Көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар жеке пилот куәлігін алуға кандидаттың:

1) көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемелерінде кемінде 40 сағат ұшу даярлығының ұшуы:

Қос басқарылатын көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелерінде ұшқыш-нұсқаушымен 20 сағат;

Ұшу әуеайлағы болып табылмайтын екі түрлі әуеайлақта толық тоқтағанға дейін осындай ұшу барысында қонуды орындай отырып, ұзақтығы 270 км кем емес маршрут

бойынша ұшуды қоса алғанда, маршрут бойынша ұшуларды орындау кезінде 5 сағат дербес ұшуды қоса алғанда, ұшқыш - нұсқаушының басшылығымен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелерінде 10 сағат дербес ұшу;

2) Жеке пилотқа қойылатын талаптар деңгейіндегі мынадай салалардағы пайдалану тәжірибесі:

қауіп пен қателік факторларын тану және бақылау;

көтеру күшін ұлғайтудың энергетикалық жүйесі бар әуе кемесін қарау және қызмет көрсету, салмақты және орталықтандыруды есептеуді қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

әуеайлақтық қозғалыс және қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмау әдістері мен шаралары;

сыртқы визуалды бағдарлардың көмегімен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесін басқару;

жерде маневрлеу және қозғалтқыштарды сынамалау; тоқтаусыз ұшып көтерілу мен биіктікті алуды ілу және орындау; ілу және қонуға үздіксіз кіру және қону – қалыпты жағдайларда, ілеспе желмен және еңісі бар алаңдардан;

ең аз қажетті тартыммен ұшу және қону техникасы; ең жоғары режимде ұшу және қону техникасы; шектеулі көлемдегі алаңдардан ұшу өндірісі; жылдам тоқтаулар;

көлденең жазықтықта  $180^\circ$  бұрылысты орындауды қоса алғанда, тек аспаптар бойынша ұшу;

қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде істен шығу режимінен бастапқы кезеңде шығару; қозғалтқыш айналымдарының қалыпты диапазоны шегінде бұранданың төмен айналымдары режимдерінен шығару әдістері;

визуалдық бағдарлары бойынша маршрут бойынша ұшу, жолды есептеу әдістері және бар болған жағдайда радионавигациялық құралдарды пайдалану, кем дегенде 1 сағат ішінде ұшуды орындауды қоса алғанда;

көтеру күшін ұлғайту жүйесімен әуе кемесі жабдығының істен шығуын имитациялауды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы іс-қимылдар; авторотация үшін тартқышты қалпына келтіру және қолданылатын жерде авторотация режимінде қонуға кіру; қолданылатын жерде трансмиссия мен жалғау білігінің істен шығуы;

радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын әуеайлаққа ұшу, бақыланатын әуеайлақтан ұшып шығу, бақыланатын әуеайлақтың ұшып өтуі.

## **5-параграф. Дирижабльдің жеке ұшқышына қойылатын біліктілік талаптары**

17. "Дирижабль" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар жеке пилот куәлігін алуға кандидатқа осы біліктілік талаптарының 8-тармағына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

## **5-тарау. Коммерциялық авиация пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

**1-параграф. Ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдың және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде коммерциялық авиация пилотына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

18. Ұшақта, тікұшақта, дирижабльда және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде коммерциялық авиация пилотының куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) 1 класты жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 750 сағат көлемінде Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық курстан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

жеке пилоттың ұшуларды орындауына қатысты халықаралық әуе заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері, жеке пилот куәлігін иеленушінің, ӘҚК, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

жалпы сипаттамалар және электрлік, гидравликалық жүйелердің шектеулері, үрлеу жүйелері және әуе кемесінің басқа жүйелері; автопилотты және автотұрақтандыруды қоса алғанда, басқару жүйелерін тұрақтандыру;

жұмыс қағидаттары, әуе кемелері қозғалтқыштарын ұмыс қағидаттары, пайдалану рәсімдері және оларды шектеу; қозғалтқыштардың сипаттамаларына атмосфералық жағдайлардың әсері; ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаудан немесе осы ақпаратты қамтитын басқа құжаттан тиісті пайдалану деректері;

АҰҚ бойынша және аспаптар бойынша метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде әуе кемесін басқару және навигациясы үшін қажетті борттық электрондық жабдықты, электр қондырғылары мен аспаптарды пайдалану, шектеу және пайдалануға жарамдылығы, автопилотты пайдалану және шектеу;

әуе кемелерінің тиісті түрлерін пайдалану және шектеу рәсімдері;

ұшуда пайдалану нұсқауынан тиісті пайдалану деректеріне сәйкес әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларына атмосфералық жағдайлардың әсері;

тиісті әуе кемелерінің жабдығы мен жүйелерін пайдалану және ақаусыздығын тексеру;

пилотаждық аспаптар, компастар, бұрылыс қателігі және жеделдетудің әсерінен қателік;

гироскопиялық аспаптар, пайдалану шектеулері және прецессияның әсері, әртүрлі пилотаждық аспаптар мен электрондық индикаторлар істен шыққан кездегі іс-қимыл тәртібі;

тиісті әуе кемелерінің планерлеріне, жүйелеріне және қозғалтқыштарына техникалық қызмет көрсету;

тікұшақтар үшін, трансмиссия (күштік жетек);

жүктеменің және массаны таратудың ұшу-техникалық сипаттамаларға және әуе кемесінің басқарылу сипаттамасына әсері; массаны және орталықтануды есептеу;

крейсерлік режимде басқару тәртібін қоса алғанда, ұшып көтерілу, қону және басқа да сипаттамалардың параметрлерін пайдалану және практикалық қолдану;

АҰҚ бойынша ұшуға сәйкес келетін ұшу алдындағы даярлық және тексеру;

Бағдар бойынша ұшу алдындағы даярлық және ұшуды жедел жоспарлау, ӘҚО ұшу жоспарларын дайындауы және толтыруы, ПО-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы;

ұшуды жедел жоспарлау; АҰҚ бойынша ұшу жоспарларын даярлау және ӘҚО мақсаттары үшін ұсыну;

биіктік өлшегішті орнату тәртібі;

тікұшақтар жағдайында – басқарушылық сипаттамасына сыртқы ілудегі жүктердің әсері;

қатер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері;

қатер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, аспаптар бойынша әуе кемелерінде ұшуларға қатысты адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық ақпараттарды, карталар мен болжамдарды түсіну және қолдану; кодтар мен қысқартулар; ұшу алдында және ұшу уақытында метеорологиялық ақпаратты алу және пайдалану рәсімдері, биіктікті өлшеу;

авиациялық метеорология, оның авиацияға әсерін тұрғысынан тиісті аудандардың климатологиясы, төмен және жоғары қысым аудандарының орын ауыстыруы, фронттардың құрылымы, ұшып көтерілу, бағдар бойынша ұшу және қону жағдайларына әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының туындауы және сипаттамалары;

қозғалтқыштар мен планерлердің мұздану себептері, оларды тану және зардаптары, фронттық аймақтардың өту тәртібі, қауіпті метеожағдайлары бар аудандарды айналып өту;

тікұшақтар мен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері үшін: негізгі бұранданың мұздануының зардаптары;

тікұшақтар мен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері жағдайында: метеоақпараттарды, карталар мен болжамдардың, шапшаң ағындарды қоса алғанда, үлкен биіктіктерде метеорологияны практикалық білу;

аэронавигациялық карталарды, радионавигациялық құралдарды және аймақтық навигация жүйелерін пайдалануды қоса алғанда практикалық аэронавигация, үлкен ұзындықтағы бағдарлар бойынша ұшуларға қатысты ерекше навигациялық талаптар;

әуе кемесін басқару және навигация үшін қажетті авиацияның электрондық және аспаптық жабдығын пайдалану, шектеулер және пайдалану сенімділігі;



ұшып көтерілу, бағдар бойынша ұшу, қонуға кіру және қону кезеңдерінде қолданылатын навигациялық жүйелерді пайдалану, олардың дәлдігі және сенімділігі, радионавигациялық құралдарды тану;

автономдық навигациялық жүйелер мен сыртқы құралдарға бағдарланған жүйелердің қағидаттары мен сипаттамалары, борттық жабдықтың жұмысы;

эксплуатациялық жағдайдағы қатер мен қателер факторларын бақылау әдістерін қолдану;

аэронавигациялық ақпарат жинағы сияқты аэронавигациялық құжаттаманы түсіну және пайдалану, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтар мен қысқартулар, ұшып көтерілу, бағдар бойынша ұшу, төмендеу және аспаптар бойынша қонуға кіру карталары;

сақтық шаралары және авариялық жағдайдағы іс-қимыл; қауіпсіздік қағидалары;

АҰҚ бойынша ұшумен байланысты қауіпсіздік шаралары, кедергілерден ұшып өту өлшем шарттары;

жүк тасымалдарының және қауіпті жүктерді тасымалдаудың пайдалану қағидалары;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12115 болып тіркелген) бекітілген Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Жүктерді тасымалдау қағидалары), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 371 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15370 болып тіркелген) бекітілген – Азаматтық әуе кемелеріне қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары);

әуе кемесіне отырғызу және түсіру кезіндегі сақтық шараларын қоса алғанда, қауіпсіздік мәселелері бойынша жолаушыларға нұсқама талаптары және практикасы;

тікұшақтар және егер қолданылатын болса, көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелері жағдайында: жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштарда ауытқу, жер резонансі, шегіну қалақшасындағы үзілу, динамикалық бүйір крені және пайдалану кезіндегі басқа қауіпті ахуалдар; визуалдық метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы;

ұшудың негіздері;

ВҰҚ және АҰЕ бойынша әуе кемелерінің ұшуы кезінде қолданылатын радиоалмасу фразеологиясының қағидалары, байланыс істен шыққан кездегі іс-қимылдар;

4) көпмүшелі экипажда өзара іс-қимыл курсынан өту көлемі кемінде 25 сағат теориялық даярлық және кемінде 20 сағат практикалық даярлық;

5) коммерциялық авиация пилотының құқықтарына сәйкес келетін құзырет дәрежесімен ӘКК ретінде белгіленген рәсімдер мен маневрлерді орындау қабілеті, сондай-ақ мыналарды білуі:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

ӘК шектеулері шегінде оны басқару;

барлық маневрлерді біртіндеп және дәл орындау;

дұрыс шешімдер қабылдау және ұшуда бақылауды және қадағалауды білікті жүзеге асыру;

аэронавигация саласында білімдерді қолдану;

ӘК басқаруды ұдайы ұшудың немесе маневрдің сызбасын табысты орындауды қамтамасыз ететіндей етіп жүзеге асыру.

б) жұмыс істемейтін бір қозғалтқышпен немесе жұмыс істемейін бір қозғалтқышты имитациялаумен тек аспаптар бойынша тиісті түрдегі көпқозғалтқышты әуе кемелерінде ұшуды орындау қабілеті;

19.Түнгі уақытта немесе аспаптар бойынша ұшуларды жүзеге асыру үшін коммерциялық пилоттың куәлігін алуға кандидат пилот-нұсқаушымен бірге қосарлы басқаруы бар тиісті түрдегі әуе кемесінде ұшып көтерілуді, қонуды және навигацияны қамтитын түнгі уақытта немесе аспаптар бойынша ұшуларды орындау жөніндегі оқытудан өтеді.

20. ӘК типі туралы біліктілік мынадай жағдайларда қойылады, егер кандидат:

1) ӘК тиісті типінде және (немесе) тиісті пилотаждық тренажерде тиісті түрдегі бақылаумен мынадай тәжірибені алса:

ұшудың әдеттегі схемалары және ұшудың барлық кезеңдеріндегі маневрлер;

жабдықтың істен шығуы және жұмыс істемей қалуымен байланысты ерекше және авариялық рәсімдер мен маневрлер;

қажет болуына қарай, қонуға кіруді, екінші айналымға кетуді және қалыпты, ерекше және авариялық жағдайларда, оның ішінде қозғалтқыштың істен шығуын имитациялаумен аспаптар бойынша қонуды қоса алғанда, аспаптар бойынша ұшуларды орындау;

ұшақ үшін тип туралы біліктілік белгісін беру үшін күрделі кеңістіктік жағдайларды болдырмау және олардан шығу бойынша даярлықтан өтсе;

экипаждың еңбекке қабілеті жоғалған кездегі іс-әрекеттер тәртібі және пилоттың ұшуы бойынша міндеттерді бөлуді қоса алғанда, экипаждың іс-қимыл үйлестіру тәртібі ; экипаж мүшелерінің өзара іс-қимылы және бақылау карталарын қолдану;

2) ӘКК немесе екінші пилоттың міндеттеріне жауап беретін әуе кемелерінің тиісті типінде ұшуларды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ету үшін талап етілетін дағдылар мен білімдерді көрсетсе, мыналардың талап етілуіне қарай:

3) ұшақтың пилоты үшін – авиакомпанияның желілік пилоты куәлігінің деңгейінде, білім көлемі осы Біліктілік талаптарының 18-тармағының 3) тармақшасына сәйкес екендігін көрсетті.

## **2-параграф. Ұшақтың коммерциялық авиацияпилотына қойылатын біліктілік талаптары**

21. "Ұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар коммерциялық пилот куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) ұшақтың пилоты ретінде бекітілген бағдарлама бойынша дайындық курсынан өту барысында кемінде 200 сағат ұшу немесе 150 сағат ұшу, оның ішінде кемінде 20 сағат ұшу сертификатталған тренажерде, оның ішінде ең аз дегенде ұшу есептеледі:

Әуе кемесінің командирі ретінде 100 сағат немесе егер кандидат бекітілген бағдарлама бойынша оқу курсынан өтсе, әуе кемесінің командирі ретінде 70 сағат;

20 сағ, әуе кемесінің командирі ретінде маршрут бойынша ұшуды орындайды, оның ішінде ұзындығы кемінде 540 км (300 м миль) маршрут бойынша ұшуды осы ұшу барысында екі түрлі әуеайлақта толық тоқтағанға дейін ұшуды орындай отырып;

Аспаптар бойынша ұшуды оқыту процесінде 10 сағат, оның 5 сағаттан аспайтын бөлігі аспаптар бойынша жердегі жаттығу уақытын құрайды;

егер осы куәліктің құқықтарын түнде жүзеге асыру көзделсе, онда әуе кемесінің командирі ретінде бес ұшу мен бес қонуды орындауды қоса алғанда, түнгі уақытта 5 сағат.

2) коммерциялық пилотқа қойылатын талаптардың деңгейінде эксплуатациялық тәжірибе, мынадай салаларда:

кәтер мен қателік факторларын тану және бақылау;

массаны және орталықтауды есептеуді, тікұшақты қарау және қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық;

әуеайлақтық қозғалыс және ұшулар қозғалыс сызбасына, соқтығысуларды болдырмаудың әдістері мен шаралары;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен ұшақты басқару;

өте төмен әуе жылдамдықтарында ұшу, штопор болдырмау; бастапқы және дамыған ауытқуды тану және одан шығару;

бірнеше қозғалтқышы бар ұшақтардың типі мен класының куәліктерін немесе біліктілік белгілерін пилоттарға беру кезінде ассиметриялық тартыммен ұшу;

өте жоғары әуе жылдамдықтарында ұшу, бұранда бойынша күрт төмендеуді анықтау және шығару;

қалыпты жағдайларда және бүйірлік желде ұшып көтерілу және қону;

қысқа екпінмен ұшып көтерілу (қысқартылған ұшу жолағы бар және кедергіден ұшып өту биіктігін ескере отырып);

көлемі шектеулі әуеайлаққа қону;

негізгі маневрлер және тек негізгі пилотаждық аспаптардың көмегімен әдеттен тыс бұрыштық жағдайлардан шығу;

визуалдық бағдарларда, жолды есептеу және радионавигациялық құралдарды пайдалана отырып, бағыт бойынша ұшу; бағытты өзгерту тәртібі;

борттық жабдықтың істен шығуын имитациялауды қоса алғанда, ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-әрекет тәртібі және маневрлер;

ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын аэродромға ұшу, бақыланатын аэродромнан ұшып көтерілу, бақыланатын аэродромнан ұшып өту;

ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқауды немесе оған баламалы құжатты және АҰҚ бойынша ұшу жоспарын дайындау кезінде әуе қызметіне қызмет көрсету жөніндегі тиісті құжаттарды қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық;

ұшу алдындағы қарау, бақылау тізбелерін пайдалану, рульді бұру және ұшып көтерілу алдындағы тексерулер;

ең болмағанда, мыналарды қоса алғанда, қалыпты, ерекше және авариялық жағдайларда АҰҚ бойынша ұшуларды орындау кезіндегі іс-қимыл мен маневрлердің тәртібі:

ұшып көтерілгеннен кейін аспаптар бойынша ұшуға ауысу;

ұшып көтерілудің және аспаптар бойынша келудің стандарттық схемалары;

бағыт бойынша АҰҚ бойынша ұшудың схемасы;

күту аймағында ұшу;

белгіленген минимумдарда аспаптар бойынша қонуға кіру;

екінші айналымға кету тәртібі;

аспаптар бойынша қонуға кіруді орындағаннан кейін қону;

ұшудағы маневрлер және нақты ұшу сипаттамалары.

22. Бірнеше қозғалтқышы бар "ұшақ" әуе кемесінде аспаптар бойынша ұшуларды орындау құқығына біліктілік белгілерін алу кезінде, кандидат ұшқыш – нұсқаушының басшылығымен қосарлы басқарылатын әуе кемесінің тиісті түрінің ұшу даярлығынан өтеді. Пилот-нұсқаушы кандидаттың бір жұмыс істемейтін қозғалтқышы бар немесе бір жұмыс істемейтін қозғалтқышты имитациялай отырып, аспаптар бойынша тиісті түрдегі әуе кемесін басқару жөніндегі пайдалану тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді.

### **3-параграф. Тікұшақтың коммерциялық авиация пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

23. "Тікұшақ" әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісі бар коммерциялық пилот куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) кемінде 150 сағат ұшу немесе тікұшақтардың пилоты ретінде бекітілген курс бойынша даярлық уақытында 100 сағат ұшқан, оның ішінде ұшудың кемінде 10 сағаты сертификатталған тренажерде ұшу болып есептеледі, оның ішінде кемінде:

35 сағат ӘКК ретінде;

10 сағат, ӘКК ретінде бағыт бойынша ұшуды орындай отырып, осы ұшудың барысында екі түрлі пунктте қонуларды орындаумен;

10 сағат, аспаптар бойынша ұшуларды орындай отырып, олардың ішінде кемінде 5 сағатты аспаптар бойынша жерүсті жаттығуларының уақыты құрайды;

егер осы куәліктің құқықтарын жүзеге асыру көзделеді, онда 5 сағат түнгі уақытта, ұшып көтерілудің 5 схемасын және ӘКК ретінде қондың 5 схемасын орындауды қоса алғанда;

2) коммерциялық авиацияның пилотына қойылатын талаптардың деңгейінде пайдалану тәжірибесі – мынадай салаларда:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

массаны және орталықтауды есептеуді, тікұшақты қарау және қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу алдындағы даярлық;

әуеайлақтық қозғалыс және қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмаға байланысты тәртіп пен сақтық шаралар;

сыртқы визуалдық бағдарлардың көмегімен тікұшақты басқару;

жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштар жағдайында ауытқу режимінен бастапқы кезеңде шығару, қозғалтқыш айналымының қалыпты диапазоны шегінде негізгі бұранданың аз айналымы режимінен шығару әдістері;

жерде маневрлеу және қозғалтқышты сынау, ілініп тұру, ұшып көтерілу және қону – қалыпты жағдайларда, ілеспе желмен және еңіс алаңдардан, күрт траекториялар бойынша қонуға кіру;

барынша аз тұтыну тартымымен ұшып көтерілу және қону; ең жоғары режимде ұшып көтерілу және қону техникасы;

шектеулі көлемдегі алаңдардан ұшуды жүргізу; жылдам тоқтау;

жердің әсерінен тыс ілініп тұру, қажет болуына қарай, сыртқы ілінуде жүкпен ұшу; үлкен биіктікте ұшу;

ұшудағы негізгі маневрлер және тек негізгі пилотаждық аспаптарды пайдаланып, әдеттен тыс бұрыштық жағдайлардан шығу;

визуалдық бағдарлардың, жолды есептеудің және радионавигациялық құралдардың көмегімен бағыт бойынша ұшу, бағытты өзгерту тәртібі;

борттық жабдықтың ақауларын имитациялауды қоса алғанда, ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі, авторотация режимінде қонуға кіру және қону;

ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына сәйкес бақыланатын аэродромға ұшу, бақыланатын аэродромнан ұшып көтерілу, бақыланатын аэродромнан ұшып өту.

**4-параграф. Дирижабльде коммерциялық авиация пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

24. "Дирижабль" ӘК түрі туралы біліктілік белгісі бар коммерциялық авиация пилоты куәлігін алуға кандидатқа осы біліктілік талаптарының 8-тармағына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

**5-параграф. Көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің коммерциялық авиация пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

25. Кандидат әуе кемесінің ұшқышы ретінде көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесінің ұшқышы ретінде кемінде 200 сағат ұшуы немесе әуе кемесінің ұшқышы ретінде даярлықтың бекітілген курсына оқу барысында 150 сағат ұшуы тиіс.

Кандидаттың көтеру күшін кемінде ұлғайту жүйесі бар әуе кемелерінде ұшуы болады:

Әуе кемесінің командирі ретінде 50 сағат;

10 сағ, әуе кемесінің командирі ретінде маршруттар бойынша ұшуларды орындайды, оның ішінде ұзындығы кемінде 540 км (300 м миль) маршрут бойынша ұшуды орындайды, осы ұшу барысында екі түрлі әуеайлақта толық тоқтағанға дейін қонуларды орындайды;

Аспаптар бойынша ұшуды оқыту процесінде 10 сағат, оның ішінде 5 сағаттан аспайтын аспаптар бойынша жердегі жаттығу уақытын құрайды;

егер пилоттың куәлік құқықтарын түнде жүзеге асыруы көзделсе, онда әуе кемесінің командирі ретінде 5 ұшу мен 5 қонуды орындауды қоса алғанда, түнгі уақытта 5 сағат.

Егер кандидаттың басқа санаттағы әуе кемелерінің ұшқышы ретінде ұшуы болса, онда уәкілетті ұйым осы ұшуды есепке алу мүмкіндігін айқындайды және оң шешім қабылданған жағдайда осы тармақтың ұшу уақытына қойылатын талаптарын төмендетеді.

Кандидат ұшқыш-нұсқаушының басшылығымен қосарлы басқарылатын көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелерінде ұшу даярлығынан өтуі тиіс. Нұсқаушы кандидаттың коммерциялық пилотқа қойылатын талаптар деңгейінде кемінде мынадай салаларда пайдалану тәжірибесін алуын қамтамасыз етеді:

қауіп пен қателік факторларын тану және бақылау.

салмақ пен орталықтандыруды есептеуді, әуе кемелерін тексеру мен қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

көтеру күшін ұлғайтудың энергетикалық жүйесі бар кемелер;

әуеайлақтық қозғалыс және қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмау әдістері мен шаралары;

сыртқы визуалды бағдарлардың көмегімен көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемесін басқару;

қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде істен шығу режимінен бастапқы кезеңде шығару; қозғалтқыш айналымдарының қалыпты диапазоны шегінде бұrandаның төмен айналымдары режимінен шығару әдістері;

жерде маневрлеу және қозғалтқыштарды сынамалау; тоқтаусыз ұшып көтерілу мен биіктікті алуды ілу және орындау;

ілу және қонуға үздіксіз кіруді және қонуды орындау – қалыпты жағдайларда, ілеспе желмен және еңісі бар алаңдардан; тік траекториялар бойынша қонуға кіру;

ең аз қажетті тартыммен ұшу және қону; ең жоғары режимде ұшу және қону техникасы;

шектеулі көлемдегі алаңдардан ұшуларды жүргізу; жылдам аялдау;

жердің әсерінен тыс іліп қою; қажеттілігіне қарай сыртқы аспада жүкпен ұшуды орындау;

биіктікте ұшу;

ұшудағы негізгі маневрлер және тек негізгі пилотаждық аспаптарды пайдалана отырып, ерекше бұрыштық жағдайдан шығару;

визуалдық бағдарларының, жолды есептеудің және радионавигациялық құралдардың көмегімен маршруттар бойынша ұшулар, кем дегенде 1 сағат ішінде ұшуды орындауды қоса алғанда;

көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемелері жабдығының істен шығуын имитациялауды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі; авторотацияға көшу үшін тартым және қолданылатын жерде авторотация режимінде қонуға кіру; қолданылатын жерде трансмиссия мен жалғау білігінің істен шығуы;

бақыланатын әуеайлаққа ұшу, бақыланатын әуеайлақтан ұшу, бақыланатын әуеайлақтың ұшып өтуі, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, ӘҚҚ-ға қатысты ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы;

Радиоалмасу фразеологиясының қағидалары.

## **6-тарау. Көпмүшелі экипаждың пилотына қойылатын біліктілік талаптары (ұшақ)**

26. Ұшақта көпмүшелі экипаждың пилоты куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) 1 сыныпты жарамды медициналық қорытынды;

3) көлемі осы біліктілік талаптарының 18-тармағының 3) тармақшасына сәйкес теориялық даярлық курсынан өту және теориялық білім деңгейін көрсету;

4) ИКАО конвенциясына 1-қосымшаның 3-толықтыруында көрсетілген барлық біліктілік блоктары бойынша қосарлы басқаруы бар ұшақтарда даярлығы аспаптар бойынша ұшуларды орындайтын пилот үшін талап етілетін біліктілік блоктарын қоса алғанда, көпмүшелі экипаж пилотының куәлігін беруге талаптарға жауап беретін деңгейде;

5) ИКАО конвенциясына 1-қосымшаның 3-толықтыруында көрсетілген барлық біліктілік блоктарын орындау үшін қажетті дағдылар, әуе кемесін басқаратын пилот ретінде және әуе кемесін басқармайтын пилот ретінде, құрамында екі пилоттан кем емес экипажбен ВҰҚ және АҚҰ бойынша ұшуларды орындау үшін сертификатталған газды турбиналық қозғалтқыштары бар ұшақтарда екінші пилоттың функцияларын орындау үшін талап етілетін деңгейде, сондай-ақ мыналарды білуі:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

ұшақты басқаруды ұшу немесе маневр схемаларын табысты орындауды қамтамасыз ететіндей етіп ұдайы негізде оның шектеулері шегінде қолмен басқаруды біртіндеп және дәл жүзеге асыру;

ұшудың кезеңіне сәйкес келетін режимде ұшақты басқару және автоматтандырудың белсенді режимінде болу;

ұшудың барлық кезеңдерінде қалыпты, ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібін дәл орындау;

ұшу экипажының басқа мүшелерімен пәрменді қарым-қатынасты ұстап тұру және экипаж мүшелері еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайда рәсімдерді тиімді орындау қабілетін көрсету және пилоттың ұшуы бойынша міндеттерді бөлуді қоса алғанда, экипаж мүшелерінің іс-қимыл үйлестіруді қамтамасыз ету, экипаж мүшелерінің ынтымақтастығы, штаттық эксплуатациялық рәсімдерді сақтау және бақылау карталарын пайдалану.

6) кемінде 240 сағат ұшты, бекітілген курс бойынша, пилоттаушы ретінде және шынайы ұшуларды орындау кезінде және тренажерде бақылаушы пилот ретінде;

7) шынайы жағдайлардағы ұшу тәжірибесі осы Біліктілік талаптарының 14-тармағында көрсетілген, ИКАО конвенциясына 1-қосымшаның 3-толықтыруының 4-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен тәжірибеге барлық талаптарды сақтауды, күрделі кеңістіктік жағдайларды болдырмау және олардан шығу бойынша даярлықты, түнгі уақыттағы ұшуларды және газды турбиналық қозғалтқышы бар, құрамында кемінде екі пилот бар экипаждың тек аспаптар бойынша ұшуларды орындауына арналған сертификатталған ұшақта немесе ұшу жағдайларын имитациялайтын тренажерде ұшуларды қамтиды, Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшаның 3-толықтыруында белгіленген тиісті біліктілік деңгейін алу үшін қажетті тәжірибе.

27. Бір пилотты ұшақта аспаптар бойынша ұшуға құқық туралы біліктілік белгісі иесінің құқықтарын жүзеге асыру кезінде, көпмүшелі экипаждың пилоты тек аспаптар бойынша бір пилотты ұшуларды орындау кезіндегі ӘКК функцияларын орындау қабілетін көрсетеді және аспаптар бойынша ұшу құқығы туралы біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын талаптарға жауап береді.



28. Бір пилотты ұшақта ұшуларды орындау үшін коммерциялық авиация пилотының функцияларын жүзеге асырудан бұрын, көпмүшелі экипаждың куәлігі бар пилот:

ӘКК ретінде ұшақтарда 70 сағат немесе ӘКК ретінде кемінде 10 сағат және ӘКК ретінде қосымша ұшудың талап етілетін сағаттарын бақылауда ұшу;

ӘКК ретінде 20 сағат ұшу, бағыт бойынша ұшуларды орындау, оның ішінде кемінде 10 сағат ӘКК ретінде және 10 сағат ӘКК ретінде бақылаумен, оның ішінде ұзындығы кемінде 540 км бағыт бойынша ұшу, оның барысында екі аэродромда толық тоқтағанға дейін қонулар орындалады;

ұшақтың тиісті түріне қатысты коммерциялық пилоттың куәлігін беру кезінде қойылатын басқа талаптарға өзінің сәйкестігін қамтамасыз етуі қажет.

ӘКК ретінде ұшу бақылаумен ұшқыштың ұшу кітапшасына тіркеледі, нұсқаушының қолымен куәландырылады және ӘКК ретінде жалпы ұшуға есептеледі.

## **7-тарау. Желілік пилотқа қойылатын біліктілік талаптары**

### **1-параграф. Ұшақтың, тікұшақтың және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің желілік пилотына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

29. Ұшаққа, тікұшаққа және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінде желілік пилоттың куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) жасы – 21 жастан бастап;
- 2) 1 класты жарамды медициналық қорытынды;
- 3) осы Біліктілік талаптарының 18-тармағының 3) тармақшасына сәйкес теориялық даярлық курсынан өту және теориялық білім деңгейін көрсету;
- 4) тікұшақ үшін – пайдалану екінші пилоттың болуын талап ететін тиісті түрдегі ӘКК ретінде келесі рәсімдер мен маневрлерді орындау қабілетін көрсетті, ұшақ үшін – бірнеше қозғалтқышы бар ұшақтың командирі ретінде әрекеттер мен маневрлерді орындау қабілетін көрсетті:

ұшудың эксплуатациялық жоспарын дайындауды қоса алғанда ұшу алдындағы даярлық және ӘҚО ұшу жоспарын ұсыну;

ұшудың барлық кезеңдерінде ұшулар мен маневрлердің әдеттегі сызбалары;

ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-әрекеттер тәртібі және қозғалтқыштар, жүйелер және планер сияқты жабдықтың істен шығуы мен ақауларына байланысты маневрлер;

экипаж мүшелерінің еңбекке қабілеті жоғалған жағдайлардағы іс-әрекеттер тәртібі және пилоттың ұшуы, экипаж мүшелерінің іс-әрекетін үйлестіру бойынша міндеттерді бөлуді қоса алғанда, экипаждағы өзара іс-қимыл және бақылау карталарын пайдалану.

- 5) құқықтарға сәйкес желілік пилотқа берілетін құзыреттің дәрежесімен рәсімдер мен маневрлерді орындау қабілеті, сондай-ақ мыналарды білу:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

ұшақты қолмен басқаруды ұшу немесе маневр сызбаларын табысты орындауды қамтамасыз ететіндей етіп ұдайы негізде оның шектеулері шегінде біртіндеп және дәл жүзеге асыру;

ұшудың кезеңіне сәйкес келетін автоматтандыру режимінде ұшақты басқару және автоматтандырудың белсенді режимінің курсына болу;

ұшудың барлық кезеңдерінде қалыпты, ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-әрекеттер тәртібін дәл орындау;

өлшенген шешімдер қабылдау үрдісін қоса алғанда, дұрыс шешімдер қабылдау және білікті жүзеге асыру және әуе жағдайы туралы хабардар болу;

ұшу экипажының басқа мүшелерімен пәрменді қарым-қатынасты ұстап тұру және экипаж мүшелері еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайда рәсімдерді тиімді орындау қабілетін көрсету және пилоттың ұшуы бойынша міндеттерді бөлуді қоса алғанда, экипаж мүшелерінің іс-әрекетін үйлестіруді қамтамасыз ету;

экипаж мүшелерінің іс-әрекетін үйлестіру, штаттық эксплуатациялық рәсімдерді сақтау және бақылау карталарын пайдалану.

## **2-параграф. Ұшақтың желілік пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

30. "Ұшақ" біліктілік белгісі бар желілік пилоттың куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) ұшақтың пилоты ретінде кемінде 1500 сағат ұшу, жалпы ұшуға енгізілетін сертификатталған тренажерде ұшу уақыты 100 сағаттан аспайды, олардың ішінде кемінде 25 сағатты рәсімдік тренажерде немесе аспаптар бойынша ұшуларға базалық даярлауға арналған тренажерде ұшуды құрайды;

500 сағат ӘКК ретінде бақылаумен немесе 250 сағат не ӘКК ретінде, не осы уақыттың кемінде 70 сағаты ӘКК ретінде, ал ұшудың қажетті қосымша уақыты бақылаумен ӘКК ретінде;

200 сағат, бағыт бойынша ұшуларды орындау, оның ішінде кемінде 100 сағат бақылаумен ӘКК ретінде;

75 сағат, аспаптар бойынша ұшуларды орындау, олардың ішінде аспаптар бойынша жерүсті жаттығуларының уақыты 30 сағаттан аспайды;

100 сағат, ӘКК немесе екінші пилот ретінде түнде ұшуларды орындау;

2) қосарлы басқаруы бар ұшақта ұшу даярлығынан және ұшақтың коммерциялық авиация пилотына немесе көпмүшелі экипаждың пилотына арналған талаптарға сәйкес аспаптар бойынша ұшуларға рұқсат туралы біліктілік белгісі.

## **3-параграф. Тікұшақтың желілік пилотына біліктілік талаптары**

31. "Тікұшақ" біліктілік белгісі бар желілік пилоттың куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) тікұшақтың пилоты ретінде кемінде 1000 сағат ұшу, жалпы ұшуға енгізілетін сертификатталған тренажерде ұшу уақыты 100 сағаттан аспайды, олардың ішінде кемінде 25 сағатты рәсімдік тренажерде немесе аспаптар бойынша ұшуларға базалық даярлауға арналған тренажерде ұшуды құрайды;

250 сағат ӘКК ретінде немесе 70 сағаты ӘКК ретінде және ұшудың қажетті қосымша уақыты бақылаумен ӘКК ретінде;

200 сағат бағыт бойынша, оның ішінде кемінде 100 сағат бақылаумен ӘКК ретінде;

30 сағат аспаптар бойынша, олардың ішінде кемінде 10 сағат аспаптар бойынша тренажерлік даярлық;

50 сағат ӘКК немесе екінші пилот ретінде түнде.

2) тікұшақтың коммерциялық авиация пилотына талаптарға сәйкес ұшу даярлығынан өту.

#### **4-параграф. Көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің желілік пилотына қойылатын біліктілік талаптары**

32. Үміткердің көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелерінің ұшқышы ретінде кемінде 1500 сағат ұшуы болады.

Үміткер көтеру күшін арттыру жүйесі бар әуе кемелерінде ұшуы кемінде:

әуе кемесінің командирі ретінде 250 сағат не әуе кемесінің командирі ретінде осы уақыттан кемінде 70 сағат, ал әуе кемесінің командирі ретінде қажетті қосымша ұшу уақыты;

әуе кемесінің командирі ретінде немесе әуе кемесі командирінің бақылауымен әуе кемесі командирінің міндеттері мен функцияларын орындайтын екінші ұшқыш ретінде кемінде 50 сағат маршрут бойынша ұшуларды орындай отырып, 100 сағат;

75 сағат аспаптар бойынша ұшуды орындау, оның ішінде аспаптар бойынша жердегі жаттығу уақыты 30 сағат аспайды;

түнде әуе кемесінің командирі немесе екінші ұшқыш ретінде ұшуды орындау үшін 25 сағат.

33. Егер кандидаттың басқа санаттағы әуе кемелерінің ұшқышы ретінде ұшуы болса, онда уәкілетті ұйым осы ұшуды есепке алу мүмкіндігін айқындайды және оң шешім қабылданған жағдайда осы тармақтың ұшу уақытына қойылатын талаптарын төмендетеді.

34. Кандидат коммерциялық пилот куәлігін алу үшін және аспаптар бойынша ұшуға рұқсат беру туралы біліктілік белгісін алу үшін талап етілетін қосарланған басқарылатын әуе кемесінде нұсқаушымен ұшу даярлығынан өтеді.

## **8 тарау. Еркін аэростат пилоттың куәлігін және планер ұшқышының куәлігін алу үшін тұлғаға қойылатын біліктілік талаптары**

### **1-параграф. Еркін аэростат және планер ұшқыштарына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

35. Еркін аэростат ұшқышының куәлігін және планер ұшқышының куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) екінші сыныптағы қолданыстағы медициналық қорытынды;

3) үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан сертификатталған АОО-да кемінде 100 сағат көлемінде өту және теориялық білім деңгейін мынадай салаларда көрсету:

халықаралық әуе заңнамасының негіздері және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және аса жеңіл әуе кемесі ұшқышының, аса жеңіл әуе кемесі ұшқышы куәлігін иеленушінің ұшуды орындауына қатысты бөлігінде авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

күштік қондырғыларды, жүйелер мен аспаптық жабдықтарды пайдалану және олардың жұмыс істеу қағидаттары;

пайдалану шектеулері;

ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан немесе осы ақпаратты қамтитын басқа құжаттан алынған тиісті пайдалану деректері;

бос аэростаттар үшін-пайдаланылатын газдардың физикалық сипаттамалары мен практикалық қолданылуы, газ қондырғыларын, жүйелер мен аспаптық жабдықтарды пайдалану және жұмыс істеу қағидаттары;

салмақты жүктеу мен бөлудің ұшу сипаттамаларына әсері, салмақты есептеу және орталықтандыру;

пайдалану құжаттамасында келтірілген ұшу, қону және басқа ұшу-техникалық сипаттамаларды пайдалану және практикалық қолдану;

визуалдық ұшу қағидалары (бұдан әрі – ВҰҚ) бойынша ұшуды орындау кезінде бағыт бойынша ұшуды ұшу алдындағы даярлау және жоспарлау, ӘҚҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы, орналасқан жері туралы хабарламалар тәртібі, биіктік өлшегішті орнату тәртібі, қозғалысы қарқынды аудандарда ұшуларды орындау;

қарқынды әуе қозғалысы бар аудандарда ұшулардың орналасқан жері, орындалуы туралы хабарламалардың тәртібі;

әуе қозғалысын ұйымдастыру;

адамның мүмкіндіктері, оның ішінде қауіп пен қателік факторларын бақылау принциптері;

авиациялық метеорология негіздерін және метеорологиялық ақпаратты алу және пайдалану қағидаларын қолдану, биіктікті өлшеу, қауіпті метеорологиялық жағдайлар; қауіпті метеожағдайларды анықтау әдістері;

еркін аэростат үшін-негізгі метеорологиялық құбылыстар мен аэросиноптикалық үрдістер, аэростаттың ұшуын орындауға метеорологиялық элементтердің әсері;

планер үшін-өрлемелі және төмендейтін термиялық және тау толқындық ағындарында қалықтап көтерілу шарттары, маршрут бойынша қалықтап ұшу және бұлтты жоталарды пайдалану, маршрут бағытына сәйкес келмейтін өрлемелі ағындарды пайдалану, метеожағдайлармен байланысты қауіпті жағдайлар және бұл ретте ұшқыштың іс-әрекеті;

аэронавигацияның практикалық аспектілері және жолды есептеу әдістері, аэронавигациялық карталарды пайдалану;

аэронавигациялық құжаттаманы, авиациялық кодтарды және қысқартуларды пайдалану;

пайдалану жағдайында қауіп пен қателік факторларын бақылау әдістерін қолдану; биіктік өлшегішті орнату тәртібі;

аэронавигациялық құжаттаманы пайдалану: аэронавигациялық ақпарат жинағы, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтар және қысқартулар;

қауіпті метеожағдайларды, ЭК-ден спутник ізіндегі турбуленттілікті және ұшу үшін басқа да қауіпті құбылыстарды айналып өту мақсатында қолданылатын іс-қимылдарды қоса алғанда, авариялық жағдайдағы тиісті сақтық шаралары мен іс-қимылдар;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және қолданылатын сигналдар, соқтығысуды болдырмау әдістері мен шаралары;

еркін аэростат үшін-газдың ағып кетуіне және одан шығуына байланысты жылдам түсу режимін тану;

визуалдық метеорологиялық жағдайларда ұшу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасы;

ұшу негіздері мен принциптері;

ВҰҚ бойынша ұшуларға қатысты байланысты жүргізу қағидалары және фразеология, байланыс істен шыққан кездегі іс-қимылдар;

ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі техникалық қызмет көрсету рәсімдері, аса жеңіл әуе кемесіне жедел және мерзімді қызмет көрсету, жөндеу, техникалық құжаттаманы жүргізу;

пайдалануда қолданылатын авиациялық жанар-жағармай материалдарының, арнайы сұйықтықтар мен газдардың негізгі түрлері;

4) келесі салалардағы жұмыс тәжірибесі:

ұшу аппаратын құрастыруды және тексеруді қоса алғанда, ұшу алдындағы дайындық;

әуе жылдамдығының тиісті шектеулерін, авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібін және пайдаланылатын сигналдарды қоса алғанда, пайдаланылатын старт әдісі кезінде қолданылатын техникалық тәсілдер мен рәсімдер;

қозғалыс схемалары бойынша ұшу, соқтығысуды болдырмау үшін қолданылатын әдістер мен шаралар;

сыртқы визуалды бағдарлар арқылы планерді басқару;

ұшу режимдерінің пайдалану диапазонындағы ұшу;

бастапқы және дамыған құлдырауды тану және одан спираль бойынша күрт төмендеуден шығару;

қалыпты жағдайларда және бүйірлік жел кезінде іске қосу, қонуға кіру және қону;

визуалдық бағдарлары мен жолды есептеу әдістері арқылы маршрут бойынша ұшу;

авариялық жағдайдағы іс-қимыл тәртібі.

## **2-параграф. Еркін аэростат ұшқышының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

36. "Еркін аэростат" ұшу аппаратының түрі туралы біліктілік белгісі бар ұшқыш куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) еркін аэростаттарда кемінде 16 сағат ұшу даярлығының ұшуы, оның ішінде:

Нұсқаушымен бірге 12 сағат ұшу;

10 толтыру және 20 ұшыру және қону;

1 ең аз уақыты 30 минуттан кем емес дербес бақыланатын ұшу;

2) еркін аэростатта ұшу аппаратының ұшқышы ретінде мынадай салаларда пайдалану тәжірибесі:

қауіп факторлары мен қателерін тану және бақылау;

еркін аэростатты оның шектеулері шегінде басқару;

барлық маневрлерді тегіс және дәл орындаңыз;

дұрыс шешім қабылдау және ұшу кезінде бақылауды білікті түрде жүзеге асыру;

аэронавигация саласындағы білімді қолдану;

ұшу немесе маневр схемасының сәтті орындалуын қамтамасыз ететіндей еркін аэростатты үнемі басқаруды жүзеге асыру.

## **3-параграф. Планер пилотының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

37. "Планер" түрі туралы біліктілік белгісін алуға үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) планерлерде кемінде 15 сағат ұшу даярлығының ұшуы, оның ішінде:

планерде нұсқаушымен 10 сағат, онда өздігінен ұшуға дайындығын тексеру жүргізіледі;

планер пилоты ретінде кемінде 6 сағат ұшу;

2 сағат өз бетінше ұшу;

45 ұшыру және қону;

ұзындығы кемінде 50 км маршрут бойынша 1 дербес ұшу немесе ұзындығы кемінде 100 км маршрут бойынша нұсқаушымен 1 ұшу;

2) мотопланерлер үшін-ұшу нұсқаушысымен 4 сағатты қоса алғанда, кемінде 6 сағат, оның ішінде маршрут бойынша бір ұшу және 1 басқа әуеайлақта толық тоқтағанға дейін 1 қонумен ұзақтығы кемінде 150 км маршрут бойынша дербес ұшу;

3) жеңіл әуе кемесінің ұшқышы ретінде планерде мынадай салаларда пайдалану тәжірибесі:

қауіп факторлары мен қателерін тану және бақылау;

планерді оның шектеулері шегінде басқару;

барлық маневрлерді тегіс және дәл орындаңыз;

дұрыс шешім қабылдау және ұшу кезінде бақылауды білікті түрде жүзеге асыру;

аэронавигация саласындағы білімді қолдану;

ұшу немесе маневр схемасының сәтті орындалуын қамтамасыз ету үшін планерді үнемі басқарыңыз.

## **9-тарау. Штурманға біліктілік талаптары**

38. Штурманның куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады :

1) жасы –18 жастан бастап;

2) 2 класты жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 500 сағат көлемінде немесе 170 сағаттан кем емес (тәжірибесі болған жағдайда). Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

халықаралық әуе заңнамасының негіздері және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы, штурман куәлігі иесінің, ӘҚК ұшуын орындауға қатысты бөлігіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ оны қолдану практикасы;

жүктеудің және массаны бөлудің әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына әсері;

крейсерлік режимде басқару тәртібін қоса алғанда, ұшу-қону және басқа да сипаттамаларды пайдалану;

бағыт бойынша ұшуды ұшу алдындағы жоспарлау және жедел жоспарлау, ӘҚК мақсаттары үшін ұшу жоспарларын дайындау және ұсыну, ӘҚК-ға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасының тиісті тиісті талаптары биіктік өлшегішті орнату тәртібіне қатысты;

қауіп пен қателік факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, штурманға қатысты адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорологиялық мәліметтерді, карталар мен болжамдарды, кодтар мен қысқартуларды түсіну және практикалық қолдану;

Метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері, биіктікті өлшеу;

авиациялық метеорология, тиісті аудандардың климатологиясы, оның авиацияға әсері тұрғысынан, төмен және жоғары қысымды аудандардың орын ауыстыруы, фронттардың құрылымы, ұшу, маршрут бойынша ұшу және қону жағдайларына әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының пайда болуы мен сипаттамалары;

жолды есептеу әдістері, изобариялық бет бойынша ұшулар және аэронавигациялау рәсімдері, аэронавигациялық карталарды, Радионавигациялық құралдар мен аймақтық навигация жүйелерін пайдалану, үлкен ұзындықтағы маршруттар бойынша ұшуларға қатысты ерекше навигациялық талаптар;

әуе кемесінің навигациясы үшін қажетті авиациялық электрондық және аспаптық жабдықты пайдалану, шектеу және пайдалану сенімділігі;

ұшу, бағыт бойынша ұшу және қонуға кіру кезеңдерінде қолданылатын навигациялық жүйелерді пайдалану, дәлдігі және сенімділігі;

радионавигациялық құралдарды тану;

автономды жүйелер мен сыртқы құралдарға бағытталған жүйелердің принциптері, сипаттамалары және қолданылуы;

борттық жабдықтың жұмысы;

ұшу кезінде әуе кемесінің орналасқан жерін анықтау мақсатында аспан денелерінің қозғалысын, оларды таңдау мен тануды қоса алғанда, аспан саласы;

сектанттардың тарировкасы;

навигациялық құжаттаманы толтыру;

аэронавигацияда пайдаланылатын анықтамалар, өлшем бірліктері және формулалар

;

аэронавигациялық ақпараттар жинағы, аэронавигациялық жағдайдағы елеулі өзгерістер, авиациялық кодтар, ұшу, маршрут бойынша ұшу, аспаптар бойынша төмендеу және қонуға кіру карталары сияқты аэронавигациялық құжаттаманы түсіну және пайдалану;

ұшу негіздері;

Радиоалмасу фразеологиясының қағидалары;

4) құқықтарына сәйкес келетін штурманға ұсынылған құзырет дәрежесімен ӘК штурманының міндеттерді орындау қабілеті, сондай-ақ мыналарды білуі:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

дұрыс шешімдер қабылдау және ұшуда қадағалауды білікті жүзеге асыру;

аэронавигация саласында білімдерді қолдану;

біртұтас экипаж мүшесінің барлық міндеттерін орындау;



ұшу экипажының басқа мүшелерімен пәрменді қарым-қатынасты жүзеге асыру.

5) кемінде 200 сағат ұшу, бағыт бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінде штурманның функцияларын орындай отырып, кемінде 30 сағат түнгі уақытта ұшуды қоса алғанда.

6) ұшудағы ӘК орналасқан орнын қанағаттанарлық анықтау және осы ақпаратты мынадай түрде әуе кемесін навигациялауды жүзеге асыру үшін пайдалану қабілеті:

түнде – астрономиялық бақылау әдісімен кемінде 25 рет;

күндіз – автономдық навигациялық жүйелерді және сыртқы құралдарға бағдарланған навигациялық жүйелерді пайдаланумен үйлестірілген астрономиялық бақылау әдісімен кемінде 25 рет.

39. Штурман әуе кемесінің кез келген типінде функцияларды жүзеге асырады, радиотелефон байланысын жүзеге асыру кезінде штурман радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілде сөйлеу қабілетін көрсетеді.

## **10-тарау. Бортинженерге (бортмеханикке) қойылатын біліктілік талаптары**

40. Бортинженердің (бортмеханиктің) куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) 2 класты жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 200 сағат көлемінде Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

халықаралық әуе заңнамасының негіздері және бортинженер (бортмеханик) куәлігінің иесіне, азаматтық ӘК пайдалануға, бортинженердің (бортмеханиктің) міндеттеріне қатысты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы);

қозғалтқыштар, газ турбиналы және (немесе) поршеньді қозғалтқыштар құрылғысының негізгі қағидаттары, отын беруді реттеуді қоса алғанда, отын сипаттамалары, майлау материалдары мен майлау жүйелері, форсаждық камералар мен бүрку жүйелері, қозғалтқыштарды тұтату және іске қосу жүйелерінің мақсаты мен жұмыс қағидаттары;

қозғалтқыштардың, газды турбиндік және (немесе) поршеньді қозғалтқыштардың құрылымының негізгі қағидаттары, отынның сипаттамасы, отынды беруді реттеуді қоса алғанда, отын жүйелері, жағармай материалдары және майлау жүйелері, форсаждық камералар және бүрку жүйелері, тұтану және қозғалтқышты іске қосу жүйелерінің мақсаты және жұмыс қағидаттары;

әуе кемелері қозғалтқыштарының жұмыс қағидаттары, эксплуатациялау қағидалары және шектеулері; қозғалтқыштардың сипаттамаларына атмосфералық жағдайлардың әсері;

планерлер, басқару органдары, конструкциялар, доңғалақ шассилері, тежегіштер мен сырғанауға қарсы құрылғылар, материалдардың коррозиясы және шаршауы бойынша ресурс; конструкцияның бүлінулері мен ақауларын табу;

мұздануға қарсы және су жұқтырмайтын жүйелер;  
ауаны үрлеу және баптау жүйелері, оттегі жүйелері;  
гидравликалық және пневматикалық жүйелер;

электротехника негіздері, тұрақты және ауыспалы токтың электр жүйелері, әуе кемелерінің электр өткізгіштік жүйелері, металлизация және экрандау;

аспаптық жабдықтың, компастардың, автопилоттардың, байланыс радиожабдығының, радионавигациялық және радиолокациялық құралдардың, ұшуды басқару жүйелерінің, дисплейлердің және авиацияның электрондық жабдықтың жұмыс істеу қағидаттары;

тиісті әуе кемелерінің шектеулері;

өрт сигнализациясы жүйесі және өртке қарсы жүйелер;

тиісті әуе кемелерінің жабдығы мен жүйелерін пайдалану және ақаусыздығын тексеру;

жүктеменің және массаны таратудың ұшу-техникалық сипаттамаларға және әуе кемесінің басқарылу сипаттамасына әсері; массаны және орталықтануды есептеу;

крейсерлік режимде басқару тәртібін қоса алғанда, ұшу-техникалық сипаттамалар туралы деректерді пайдалану және практикалық қолдану;

метеорологияның эксплуатациялық аспектілері;

навигация негіздері, автономдық жүйелердің жұмыс қағидаты және эксплуатациялау;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, бортинженерге қатысты адамның мүмкіндіктері;

техникалық қызмет көрсету қағидаттары, ұшу жарамдылығын қолдау қағидалары, дефектация, ұшу алдындағы қарау, отын құю және сыртқы қорек көздерін қолдану кезіндегі сақтық шаралары; орнатылған жабдық және кабинаның жүйесі;

калыпты, ерекше және авариялық жағдайлардағы іс-әрекеттер тәртібі;

жүктерді тасымалдау қағидалары және қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары;

аэродинамика негіздері;

Радиоалмасу фразеологиясының қағидалары.

4) бортинженер (бортмеханик) – нұсқаушының бақылауымен бортинженердің (бортмеханиктің) міндеттерін орындау кезінде жинақталған эксплуатациялық жұмыс тәжірибесі, мынадай салаларда:

ұшу алдындағы қарау;

отын құю қағидалары, отынды жұмсауды реттеу;

техникалық қызмет көрсету бойынша құжаттарды тексеру;

ұшудың барлық кезеңдерінде экипаждың кабинасындағы әдеттегі іс-әрекеттер;

экипаж мүшелерінің іс-әрекетін үйлестіру және экипаж мүшелері еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайдағы іс-әрекеттер тәртібі;

дефектация;

борттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі ауытқуларды тану;

ерекше және баламалы (резервтік) рәсімдерді қолдану;

авариялық жағдайды тану;

авариялық жағдайда іс-әрекеттердің тиісті тәртібін қолдану;

5) бортинженердің (бортмеханиктің) құқықтарына сәйкес келетін құзырет деңгейімен әуе кемесінің бортинженері (бортмеханигі) ретінде міндеттер мен қағидаларды орындау қабілеті, сондай-ақ:

қатер мен қателік факторларын тану және бақылау;

әуе кемесінің сипаттамалары мен шектеулерін есепке алып, борттық жүйелерді пайдалану;

дұрыс шешімдер қабылдау және ұшуда қадағалауды білікті жүзеге асыру;

аэронавигация саласында білімдерді қолдану;

біртұтас экипаж мүшесінің барлық міндеттерін табысты нәтижелерге кепілдік беретіндей етіп орындау;

ұшу экипажының басқа мүшелерімен пәрменді қарым-қатынасты жүзеге асыру.

## **11-тарау. Бортрадистке біліктілік талаптары**

41. Бортрадисттің куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады :

1) жасы –18 жастан бастап;

2) 2 класты жарамды медициналық қорытынды;

3) сертификатталған АОО-да кемінде 100 сағат көлемінде Үлгі бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан өту және мына салаларда теориялық білімдерінің деңгейін көрсету:

ұшуларды орындауға және техникалық қызмет көрсетуге қатысты бөлігінде халықаралық әуе заңнамасының және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері, бортрадист куәлігінің иегері;

радиожабдық және оны эксплуатациялау;

ӘЖ электр жабдығы және оны эксплуатациялау;

ұшу ақпаратын жинау құралдарының, олар шешетін міндеттердің мақсаты, эксплуатациялау қағидалары;

ӘЖ авариялық-құтқару жарағының мақсаты, эксплуатациялау қағидалары;

негізгі метеорологиялық элементтер, құбылыстар және олармен байланысты эксплуатациялық аспектілер;

ұшу үшін қауіпті метеорологиялық құбылыстар, ауа райының ерекше жағдайлары және олармен байланысты эксплуатациялық аспектілер;

метеорологиялық кодтармен және болжамдармен практикалық жұмыс;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, бортрадиске қатысты адамның мүмкіндіктері;

байланысты жүргізу қағидалары және фразеология;

телеграф әліппесі, Морзе әліппесінің сигналдарын естіп қабылдау;

телеграфтық кілтті қолдану және хат-хабарларды беру.

4) ӘК-де бортрадист ретінде кемінде 100 сағат ұшу, оған ұшудың шынайы жағдайларын имитациялайтын ұшу тренажерінде алынған кемінде 50 сағат ұшу кіреді.

## **12-тарау. Сыртқы ұшқышқа (ұшақ, дирижабль, планер, винтоқан, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі немесе еркін аэростат) қойылатын біліктілік талаптары**

42. Сыртқы ұшқыш куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) 3-сыныптың қолданыстағы медициналық қорытындысы;

3) сертификатталған АОО-да үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық даярлық курсынан өту.

## **13-тарау. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманға біліктілік талаптары**

43. ӘК ТҚК жөніндегі маманның куәлігін алуға кандидатқа мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) Уәкілетті ұйым сертификаттаған авиациялық оқу орталықтарында, Қазақстан Республикасында танылған шетелдік оқу орталықтарында оқыту жолымен немесе уәкілетті ұйымдағы немесе сертификатталған оқу орталығындағы емтихан арқылы теориялық білім деңгейін көрсете отырып, үлгілік бағдарламаларда ұсынылған Модульдер түріндегі теориялық даярлықты қамтитын бастапқы даярлық курстарынан өту.

3) келесі салалардағы білім:

ӘК техникалық қызмет көрсету, ӘК ұшу жарамдылығын ұстап тұру, ӘК ТҚК тартылған персоналды оқыту, ӘК ТҚК жөніндегі мамандарға куәліктер беру, ұзарту және оларға біліктілік белгілерін (10RK модулі) бөлігінде әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық авиация заңнамасы;

математика негіздері, өлшем бірліктері, ӘК ТҚК қатысы бар физика мен химияның іргелі қағидаттары және теориялық негіздері;

материалдың сипаттамасы және ӘК жобалау кезінде оларды қолдану, ӘК конструкцияларын жобалау және жүйелерінің жұмыс істеу қағидаттарын қоса алғанда, жинау әдістері, қозғалтқыштар және олармен байланысты жүйелер, механикалық, гидравликалық, электрлік және электрондық қорек көздері; ӘК аспаптық жабдығы және индикация жүйелері, ӘК басқару жүйелері және навигациялық және байланыс жабдығының борттық жүйелері;

орындалуы ӘК ұшу жарамдылығын ұстап тұру үшін қажет жұмыстар, ӘК конструкцияларын, оның компоненттері мен жүйелерін ТҚК және АТЖ бойынша тиісті нұсқауларда көзделген әдістемелерге және осы жағдайда ұшу жарамдылығының қолданылатын стандарттарына сәйкес, күрделі жөндеудің, ағымдық жөндеудің, тексерудің, ауыстырудың, модификациялаудың немесе ақауларын жоюдың әдістері мен рәсімдерін қоса алғанда;

қатерлер мен қателіктер факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, ӘК ТҚК қатысты адамның мүмкіндіктері (9 модуль);

4) Үлгі бағдарламаларда ұсынылған базалық дағдылар бағдарламасына сәйкес ӘК ТҚК тәжірибесі, куәлік алуға кандидатта осы тармақтың 5) және 6) тармақтарының анықтамасына кірмейтін орта білім (мектеп) немесе кез келген білім не кәсіби даярлық болған кезде:

"А", "В1.2", "В1.4" санаттары үшін – эксплуатациядағы ӘК ТҚК 3 жыл практикалық тәжірибесі;

"В2" санаты және "В1.1" және "В1.3" кіші санаттары үшін - эксплуатациядағы ӘК ТҚК 5 жыл практикалық тәжірибесі;

5) Үлгі бағдарламаларда ұсынылған базалық дағдылар бағдарламасына сәйкес ӘК ТҚК базалық тәжірибесі куәлік алуға үміткерде уәкілетті ұйымның маманды техникалық мамандықта тәжірибелі қызметкер ретінде қарауға мүмкіндік беретін жоғары немесе орта техникалық білім болған кезде:

"А" және "В3" санат және "В1.2", "В1.4" кіші санаттары үшін – эксплуатациядағы ӘК ТҚК 2 жыл практикалық тәжірибесі;

"В2" санаты және "В1.1", "В1.3" кіші санаттары үшін – эксплуатациядағы ӘК ТҚК 3 жыл практикалық тәжірибесі;

б) сертификатталған авиациялық оқу орталығында "А", "В1" және "В2" санаттарының ӘК ТҚК жөніндегі мамандардың бағдарламалар бойынша кандидат бастапқы даярлық алған кезде үлгі бағдарламаларда ұсынылған базалық дағдылар бағдарламасы бойынша алынған ӘК ТҚК базалық тәжірибе:

"А" санаты, "В1.2", "В1.4" кіші санаттары үшін – эксплуатациядағы ӘК ТҚК 1 жыл практикалық тәжірибесі;

"B2" санаты және "B1.1" және "B1.3" кіші санаттары үшін - эксплуатациядағы ӘК ТҚК 2 жыл практикалық тәжірибесі.

7) куәлікке қосымшада белгілер алуға кандидатқа (XV тармақ) көпқозғалтқышты ауыр ӘК үшін "С" санаты, ол бұл иеленетін санатты "B1.1", "B1.3" немесе "B2" біліктілік белгілері арқылы – "B1.1", "B1.3" немесе "B2" санатының сертификатталатын персоналының артықшылықтарын пайдалана отырып, тәжірибесі кемінде 3 жыл немесе осы кіші бір немесе бірнеше санаттарда немесе санаттарда немесе олардың комбинацияларында қолдаушы персонал алады;

8) куәлікке қосымшада белгілер алуға кандидатқа (XV тармақ) көпқозғалтқышты ӘК үшін "С" санаты, ол бұл санатты жоғары техникалық білім арқылы алады – ТҚК және АТЖ ұйымында ӘК ТҚК тікелей байланысты міндеттер бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, базалық (кезеңдік) ӘК ТҚК байланысты ортада міндеттерді бақылау жөніндегі жұмыстың 6 айын қоса алғанда;

9) "Rating" деген ХІІ бағанға "С" санатының бірінші белгісін алу үшін ӘК сұрау салынатын типінің осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген мамандардың кез келгені үшін – талап етілген типтік ӘК типіне оқыту курсы бойынша теориялық элементтің өтуі, әрбір келесі белгі үшін – үлгі бағдарламаға сәйкес ӘК типі бойынша жалпы танысу курсына өту;

10) куәлікке қосымшада "С" санаты бойынша белгі алуға кандидатқа (XV тармақ) көп қозғалтқыштылардан өзге ӘК үшін, ол бұл санатты "B1.2" немесе "B1.4" біліктілік белгілері арқылы – "B1.2" немесе "B1.4" санатының сертификатталатын персоналының немесе осы кіші санаттарда немесе олардың комбинацияларында қолдаушы персоналдың артықшылықтарын пайдалана отырып, кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі;

11) куәлікке қосымшада "С" санатының белгісін алатын мамандар үшін (XV тармақ ) жоғары техникалық білім арқылы – базалық (кезеңдік) ӘК ТҚК байланысты ортада 12 айды қоса алғанда, ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйымда кемінде 3 жыл тәжірибесі;

12) базалық (кезеңдік) ӘК ТҚК бақылау ӘК ТҚК жоспарлау, сапаға кепілдік беру, ӘК ТҚК бойынша жазбаларды жүргізу және сақтау немесе ұшу жарамдылығын ұстап тұру, қосалқы бөлшектерді мақұлдауды, техникалық сервис бөлімінде немесе техникалық бөлімде жұмысты бақылау бойынша ТҚК және АТЖ ұйымының бөлімшелерінде маманның міндеттерді орындауын қамтиды.

44. "B3" санатын қоспағанда, санатты бастапқы алған және оны ӘК ТҚ маманы куәлігіне енгізген кезде өтініш беруші үміттеніп отырған санаттар немесе кіші санаттар бойынша ӘК ТҚ-да ӘК ТҚ-да кемінде 1 жыл тәжірибе талап етіледі. ӘК ҚК бойынша маманның куәлігіне санаттар немесе кіші санаттарының кейінгі толықтырулары үшін ӘК ҚК қосымша "соңғы" тәжірибесі бір жылдан аспауы тиіс, бірақ кемінде үш айды құрайды (екінші және одан кейінгі рейтингтерді алу кезінде). Талап етілетін тәжірибе ӘК ҚК бойынша маман үміт еткен қолданыстағы санаттар немесе кіші санаттар арасындағы айырмашылықтарға байланысты болуы. Ондай қосымша тәжірибе ӘК ҚК

бойынша маман куәлігінің сұрау салынатын жаңа санаттар кіші санаттары үшін негізгісі болып табылады.

45. Соңғы тәжірибе ретінде талап етілген 12 айдың ішінен 6 айдан кем емес кезеңінде қаралады, ол ӘК ҚК бойынша маманның куәлігіне өтінішті беру күніне дейін 12 айдың ішінде жинақталады. Соңғы тәжірибенің қалдығы өтінішті беру күніне дейін 7 айдың ішінде жинақталады. Қалған негізгі тәжірибе өтінішті беру күніне дейін 10 жылдың ішінде жинақталады.

46. ӘК ТҚ тәжірибесі бойынша талаптарға қарамастан, мемлекеттік және эксперименттік авиацияда алынған тәжірибе мұндай техникалық қызмет көрсету талап етілетінге балама болып табылатын жағдайда қарауға қабылданады.

47. "А" және "В3" санаты үшін ӘК ҚК қосымша тәжірибе 6 айдан кем емес, "В1" және "В2" санаттары үшін - кемінде 12 ай болуы тиіс.

48. ӘК ҚК бойынша маман қозғалтқышты, қосалқы агрегаттарды, аспаптарды және немесе жабдық бірліктерін санкцияланған жөндеуден, модификациялаудан немесе монтаждаудан кейін әуе кемені немесе оның бөлшектерін пайдалануға жарамдылығын куәландырады және қарап- тексеруден, техникалық қызмет көрсетуден және немесе кезеңдік қызмет көрсетуден кейін пайдалануға рұқсат алуға қол қояды және мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мыналарға қатысты:

оның куәлігінде не жалпы түріне өзінің қажеттілігі бойынша көрсетілген әуе кемелер үшін; немесе

оның куәлігінде не жалпы түріне өзінің қажеттілігі бойынша көрсетілген планерлер, қозғалтқыштар, борттық жүйелер немесе элементтер үшін; және (немесе)

оның куәлігінде көрсетілген әуе кемелер үшін не жалпы түріне өзінің қажеттілігі бойынша көрсетілген борттық электрондық жүйелер немесе элементтер үшін;

2) ӘК ҚК бойынша маман белгілі бір әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және ұшу жарамдылығына қатысты барлық қажетті ақпарат белгісімен болған жағдайда, онда ӘК ҚК бойынша маман қызмет көрсету немесе планер, қозғалтқыш, борттық жүйелер немесе оның элементі, борттық электрондық жүйелер немесе оның элементі туралы куәлікке қол қояды, пайдалануға жарамдылығын ӘК ҚК бойынша маман куәландырады;

3) ӘК ТҚ жөніндегі маман 24 айдың алдындағы 6 ай ішінде куәліктің иеленушісі ретінде оған берілген құқықтарға сәйкес ӘК немесе құрауыштарын қарау, қызмет көрсету немесе техникалық пайдалану бойынша тәжірибесі бар болған немесе осы Біліктілік талаптарға сәйкес тиісті құқықтарды берумен оған куәлікті беру шартын сақтаған жағдайда. 6 айдың тәжірибесін есепке алу кезінде 180 жазбаға немесе 100 күнге теңестіріледі, оны маман жеке журналда тіркейді. Маман техникалық көрсету туралы куәлікті беру құқығын дәлелдеу үшін сомадағы талап етілетін цифрды құрайтын ӘК ұқсас үлгілері назарға алынады.

49. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маман куәлігін алуға кандидатқа осы біліктілік талаптарының 43-тармағына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

#### **14-тарау. Ұшуды қамтамасыз ету немесе ұшу бойынша диспетчер қызметкеріне қойылатын біліктілік талаптары**

50. Ұшуды қамтамасыз ету немесе ұшу бойынша диспетчер қызметкері куәлігін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы –21 жастан бастап;

2) 500 сағаттан немесе 150 сағаттан кем емес (тәжірибесі болған жағдайда) көлемде сертификатталған АОО Үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық дайындық курсынан өту және теориялық білім деңгейін көрсету, мынадай салаларда:

халықаралық әуе Заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасының ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері, ӘҚК куәлігінің иегеріне, ұшақтардың, жүйелер мен аспаптық жабдықтардың күш қондырғыларының жұмыс қағидаттарына қатысты бөлігіндегі негіздері;

ӘК пайдаланушылық шектеулері және күш қондырғылары;

әуе кемесінің барынша аз жабдығының тізбесі;

ӘК ұшу-техникалық сипаттамасына салмағын тиеу және тарату әсері,

ұшуды жедел жоспарлау; отынның шығысын есептеу бойынша және отын бойынша ұшу ұзақтығы; қосалқы әуежайды таңдау, бағыт бойынша крейсерлік ұшуды, ұлғайтылған ұзақтығына ұшуларды басқару рәсімі;

әуе қозғалысын ұйымдастыру үшін ұшу жоспарын дайындау және ұсыну;

компьютерлердің көмегімен жоспарлау жүйесінің негізгі қағидаттары;

диспетчердің міндеттеріне қолданылатын адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорология, төмен және жоғары қысым салаларының орын ауысуы, фронттардың құрылымы, туындауы және бағыт бойынша ұшып көтерілу, ұшу және қону жағдайларына әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының сипаттамасы;

авиациялық метеорологиялық жиынтықтарды, карталар мен болжамдарды, кодтар мен қысқартуларды, метеорологиялық ақпаратты алу мен пайдалану қағидаларын қолдану бойынша;

аэронавигация қағидаттары, АҰК;

аэронавигациялық құжаттаманы пайдалану;

қарапайым және қауіпті жүктерді тасымалдаудың пайдаланушылық рәсімдері;

авариялық оқиғалар мен инциденттерге қатысты рәсімдер, авариялық жағдайдағы ұшу қағидалары;

азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерімен байланысты рәсімдер және ӘК қатысты диверсиялармен;



авиациялық оқиғалар мен инциденттерге қатысты рәсімдер, авариялық жағдайда ұшу қағидалары;

әуе кемелерімен және тиісті жерүсті станцияларымен байланыс жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, ИКАО стандарттары мен ұсынылатын практикасының талаптары;

нақты есептеулерді жүргізу және күн сайынғы синоптикалық карталар және ауа райы жиынтықтары бойынша ауа райына талдау жүргізу, әуе трассасының нақты аудандарында ауа райы жағдайлары туралы нұсқама жүргізу, мақсатты әуежайларда және қосалқы әуежайларда әуе тасымалдарын жүзеге асыру кезінде ауа райын болжау;

осы учаскеге ұшудың оңтайлы траекториясын айқындау және ұшу жоспарларын дайындау;

қолайсыз метеорологиялық жағдайларында ұшу кезінде жедел бақылау жүргізу және ұшу экипажына көмек көрсету;

3) бір немесе бірнеше (кез келген үйлесімде) функцияларды орындау бойынша 2 жылдан кем емес тәжірибенің бар болуы, егер кез келген үйлесімде жұмыс кезеңіндегі тәжірибе төмендегі кез келген лауазымдарында 1 жылдан кем еместі құраса:

коммерциялық әуе тасымалдарында жұмылдырылған әуе кемесінің ұшу экипажының мүшесі; немесе

коммерциялық әуе тасымалдарында жұмылдырылған ӘК ұшуын қамтамасыз ететін ұйымдарда метеорологты; немесе

коммерциялық әуе тасымалдарында жұмылдырылған ӘК ұшуын қамтамасыз ету бойынша қызметкерлердің немесе ұшуды жүргізу қызметінің әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері немесе техникалық басшысы; немесе

әуе тасымалдарын жүзеге асыру кезінде ӘК ұшуын қызмет көрсетуде көмек көрсететін қызметкер ретінде 1 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы; немесе

бекітілген бағдарлама бойынша дайындық курсынан өту және өтінішті беру алдында тікелей 6 ай ішінде кемінде 90 жұмыс күні ұшуларды қамтамасыз ету бойынша қызметкердің бақылауында пысықтау.

4) мыналарға қабілеттілігі бар:

күн сайынғы синоптикалық карталар сериялары және ауа айы жиынтықтары негізінде ауа райын талдаудың нақты және қолайлы пайдаланушылық көз қарастарын жүргізу;

әуе трассасының нақты аудандарында болатын ауа райы жағдайлары туралы нұсқаманың негізделген пайдаланушылық көзқарастарын жүргізуді қамтамасыз ету; мақсатты әуежайларға және қосалқы әуежайларға аса назар аудара отырып көлік авиациясы үшін ауа райын болжау;

осы учаскеге ұшудың оңтайлы траекториясын айқындау және ұшу жоспарларын қолмен және (немесе) компьютердің көмегімен толтырылған нақты дайындау;

ұшуды қамтамасыз ету бойынша қызметкер куәлігінің иеленушісі міндеттеріне сәйкес қолайсыз метеорологиялық жағдайларында ұшу кезінде жедел бақылауды қамтамасыз ету және көмектің барлық түрін көрсету;

қауіп және қателіктер факторларын тану және бақылау.

## **15-тарау. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчеріне қойылатын біліктілік талаптар**

51. ӘҚҚ диспетчері куәлігінің алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 21 жастан бастап;

2) 3 сыныптағы қолданыстағы медициналық қорытындысы;

3) сертификатталған АОО Үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық дайындық курсынан өту және теориялық білім деңгейін көрсету, мынадай салаларда:

халықаралық әуе Заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасының әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қатысты бөлігіндегі негіздері, оның ішінде ӘҚҚ диспетчерінің біліктілік белгісі (МК) иесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

ӘҚҚ қолданылатын жабдықты пайдалану және шектеу қағидаттары, сөз байланысы, ақпаратты тіркеу, деректерді беру, радионавигациялық құралдар, бақылау және радиолокациялық жүйелер, автоматты тәуелді бақылаулар, ұшу жоспарларын өңдеу, дисплей (пайдаланушының интерфейсі), жедел деректер және пайдалану шарттары туралы деректер;

ұшу қағидаттары, ӘК, ӘҚҚ қатысы бар ӘК күш қондырғылары мен жүйелердің, сипаттамалардың пайдалану және жұмыс істеу қағидаттары;

қауіп және қателіктер факторларын бақылау, сондай-ақ топтың жұмысын оңтайландыру бойынша дайындаудың қағидаттарын қоса алғанда адамның мүмкіндіктері;

авиациялық метеорология, метеорологиялық құжаттаманы және ақпаратты қолдану және түсіндіру, ұшулардың орындалуына және олардың қауіпсіздігіне әсер ететін ауа райының ерекше құбылыстарының туындауы және сипаттамасы, барометрлік биіктікті өлшеу қағидаттары;

аэронавигация қағидаттары, навигациялық жүйелер мен көзге көрінетін құралдарды шектеу мен нақты қағидаттары;

ӘҚҚ, байланыс, радиотелефон және фразеологиямен алмасу (штаттық, штаттық емес және авариялық), тиісті авиациялық құжаттаманы пайдалану рәсімдері, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің практикалық әдістері;

52. ӘҚҚ диспетчері куәлігінің алушы үміткер мынадай салаларда білім деңгейін көрсетті:

1) әуеайлақ диспетчерінің біліктілік белгілері үшін:

әуе айлақтың бас жоспары, физикалық сипаттамалары;

әуе кеңістігінің құрылымы;  
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;  
аэронавигациялық құралдар;  
әуе қозғалысын басқару жабдығы және оларды қолдану;  
жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;  
әуе қозғалысының сипатты ерекшеліктері;  
ерекше ауа райы құбылыстары;

авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары;

2) жақындаудың рәсімдік бақылау диспетчерінің немесе ӘҚҚ ауданының рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі үшін:

әуе кеңістігінің құрылымы;  
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;  
аэронавигациялық құралдар;  
әуе қозғалысын басқару жабдығы және оларды қолдану;  
жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;  
әуе қозғалысының және қозғалыс ағынының сипатты ерекшеліктері;  
ерекше ауа райы құбылыстары;

авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары;

3) қадағалау құралдарын пайдалана отырып, ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчері, қадағалау құралдарын пайдалана отырып жақындаудың бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі үшін:

әуе кеңістігінің құрылымы;  
қолданылатын қағидалар, рәсімдер және ақпарат көздері;  
аэронавигациялық құралдар;  
әуе қозғалысын басқару жабдығы және оларды қолдану;  
жергілікті жер бедері және жердегі сипатты бағдарлар;  
әуе қозғалысының және қозғалыс ағынының сипатты ерекшеліктері;  
ерекше ауа райы құбылыстары;

авариялық жағдайдағы және іздестіру-құтқару операцияларындағы іс-қимылдар жоспары;

ӘҚҚ қадағалаудың тиісті жүйелерін және олармен байланысты жабдықты пайдалану және шектеу қағидалары;

бақылау негізінде ӘҚҚ-ға қызмет көрсетуді ұсыну рәсімдері қажет болған жағдайда , жергілікті жердің үстінен тиісті ұшу биіктігін ұстап тұру тәртібін қоса алғанда;

4) ӘҚҚ аттестатталған нұсқаушының (диспетчердің) басшылығымен сәтті қамтамасыз етті:

әуеайлақ диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 140 сағат ішінде рульдеу диспетчерлік пунктінде немесе кемінде 280 сағат ішінде старттық диспетчерлік пунктінде немесе кемінде 430 сағат ішінде мұнара диспетчерлік пунктінде әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

жақындаудың рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты 280 сағаттан кем емес сағат ішінде жақындау диспетчерлік пунктінде әуе қозғалысының рәсімдік бақылауын жүзеге асыру;

қадағалау құралдарын пайдалана отырып жақындауды бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 350 сағат ішінде жақындау диспетчерлік пунктінде немесе шеңбер диспетчерлік пунктінде жақындаудың әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

жақындаудың рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгілерін бір уақытта алумен қадағалау құралдарын пайдалана отырып жақындауды бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 430 сағат ішінде жақындау диспетчерлік пунктінде немесе шеңбер диспетчерлік пунктінде жақындаудың әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді және рәсімдік бақылауды жүзеге асыру;

ӘҚҚ ауданының рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 280 сағат ішінде аудандық диспетчерлік пунктіндегі немесе аудандық диспетчерлік орталығындағы жұмыс орнында рәсімдік бақылауды жүзеге асыру;

ӘҚҚ ауданын бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 380 сағат ішінде аудандық диспетчерлік пунктіндегі немесе аудандық диспетчерлік орталығындағы жұмыс орнында қадағалау жүйелерін пайдалана отырып әуе қозғалысына аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

ӘҚҚ ауданының рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгілерін бір уақытта алумен қадағалау құралдарын пайдалана отырып ӘҚҚ ауданын бақылау диспетчерінің біліктілік белгісіне қатысты кемінде 460 сағат ішінде аудандық диспетчерлік пунктіндегі немесе аудандық диспетчерлік орталығындағы жұмыс орнында қадағалау жүйелерін және пайдалана отырып әуе қозғалысына аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуді және рәсімдік бақылауды жүзеге асыру;

жергілікті диспетчерлік пунктте біліктілік белгісіне (рұқсатына) қатысты кемінде 280 сағат ішінде бар радиотехникалық құралдарды пайдалана отырып жергілікті әуе желілерінде әуе қозғалысына аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

53. Біліктілік белгілер мынадай диспетчерлік пункттерге сәйкес келеді:

1) әуеайлақ диспетчерінің біліктілігі рульдеу диспетчерлік пунктінде және (немесе) старттық диспетчерлік пунктінде және (немесе) мұнара диспетчерлік пунктінде өзіндік жұмысқа рұқсаты бар адамдары үшін беріледі;

2) жақындаудың рәсімдік бақылау диспетчерінің және байқау құралдарын пайдалана отырып жақындаудың бақылау диспетчерінің біліктілігі жақындау диспетчерлік пунктінде өзіндік жұмысқа рұқсаты бар адамдары үшін және (немесе)

басқа да диспетчерлік пункттерінде өзіндік жұмысқа рұқсаты бар адамдары үшін беріледі (диспетчерлік пункттерді біріктіру кезінде);

3) байқау құралдарын пайдалана отырып ӘҚҚ ауданының рәсімдік бақылау диспетчерінің және ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчерінің біліктілігі аудандық диспетчерлік пунктіндегі немесе аудандық диспетчерлік орталығындағы және (немесе) жергілікті диспетчерлік пунктіндегі жұмыс орнында рұқсаты бар адамдары үшін беріледі.

54. Бірнеше біліктілік белгілерді бір уақытта алған кезде әрбір біліктілік белгісіне қатысты талаптар қолданылады.

55. ӘҚҚ нұсқаушының арнайы біліктілік белгісін (рұқсатын) алу үшін

үміткерге мыналар талап етіледі:

ӘҚҚ жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

сертификатталған АОО арнайы дайындықтан өту;

кемінде 8 сағат ішінде аттестатталған нұсқаушының басшылығымен сұрау салынатын біліктілік белгісіне қатысты функцияларды жүзеге асыру.

56. Ұшу басшысының (ауысымның аға диспетчері) арнайы біліктілік белгісін (рұқсатын) алу үшін үміткерге мыналар талап етіледі:

ӘҚҚ жұмыс өтілі кемінде 3 жыл – ауысымның аға диспетчері үшін, алты жылдан кем емес – ұшу басшысы үшін;

сертификатталған АОО арнайы дайындықтан өту;

бақылау жүзеге асырылатын диспетчерлік пункттің ең болмаса бірінде рұқсат;

кемінде 180 сағат ішінде аттестатталған нұсқаушының басшылығымен (ұшу басшысының немесе ауысымның аға диспетчерінің) сұрау салынатын біліктілік белгісіне қатысты функцияларды жүзеге асыру.

57. Халықаралық ұшуға диспетчерлік қызмет көрсетумен байланысты біліктілікті алуға үміткер радиотелефон байланысында пайдаланылатын авиациялық ағылшыл тілінд біледі және оны жұмысшы деңгейінен төмен емес деңгейде түсінуі тиіс (ИКАО бойынша 4 деңгей).

58. ӘҚҚ диспетчері (диспетчерлік пунктінде рұқсаты бар) 6 ай ішінде кемінде 24 сағат ішінде осы біліктілік белгісімен көзделген әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша функцияларды жүзеге асырады.

59. Егер ӘҚҚ диспетчері 6 ай ішінде біліктілік белгісімен көзделген функцияларды жүзеге асырмаса, біліктілік белгісі күшін жояды.

60. ӘҚҚ диспетчері куәлікке енгізілген бір немесе бірнеше төменде көрсетілген біліктілік белгілермен (рұқсаттармен) мынадай функцияларды жүзеге асырады:

әуеайлақ диспетчерінің біліктілік белгісі берілген куәлік иеленушісі аттестатталған бойынша сол әуеайлақта әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді немесе қамтамасыз етуді бақылайды;

жақындаудың рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі жақындаудың диспетчерлік қызмет көрсетілуін қамтамасыз ететін диспетчерлік органның заңдық құзырында болатын әуе кеңістігі немесе осы әуе кеңістігінің бөлігі шегінде берілген куәлік иеленушісі аттестатталған бойынша әуеайлақта немесе әуеайлақтарда жақындаудың диспетчерлік қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді немесе қамтамасыз етуді бақылайды;

байқау құралдарын пайдалана отырып жақындаудың бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі жақындаудың диспетчерлік қызмет көрсетілуін қамтамасыз ететін диспетчерлік органның заңдық құзырында болатын әуе кеңістігі немесе осы әуе кеңістігінің бөлігі шегінде берілген куәлік иеленушісі аттестатталған бойынша әуеайлақта немесе әуеайлақтарда ӘҚҚ байқаудың тиісті жүйелерін пайдалана отырып жақындаудың диспетчерлік қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді және немесе қамтамасыз етуді бақылайды;

ӘҚҚ ауданының рәсімдік бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі берілген куәлік иеленушісі аттестатталған бойынша диспетчерлік аудан немесе осы диспетчерлік аудан бөлігі шегінде аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді және немесе қамтамасыз етуді бақылайды;

байқау құралдарын пайдалана отырып ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчерінің біліктілік белгісі берілген куәлік иеленушісі аттестатталған бойынша әуе кеңістігі немесе осы әуе кеңістігінің бөлігі шегінде ӘҚҚ байқаудың тиісті жүйелерін пайдалана отырып ӘҚҚ ауданының диспетчерлік қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді және (немесе) қамтамасыз етуді бақылайды.

## **16-тарау. Авиациялық станция операторына қойылатын біліктілік талаптар (теңіз қондырғысында орналасқан)**

61. Авиациялық станция операторы куәлігінің алушы үміткерге (теңіз қондырғысында орналасқан) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы – 18 жастан бастап;

2) техникалық білімі бар;

3) сертификатталған АОО Үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық дайындық курсынан өту және теориялық білім деңгейін көрсету, мынадай салаларда:

радиотелефон байланыс, фразеология, электр байланыс желісінің рәсімдері;

теңіз қондырғысында жұмыстардың орындалуын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы және нормативтік актілер;

әуе қозғалысына қызмет көрсету;

халықаралық әуе Заңнамасының және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және ұшуды орындауға және әуе навигациясына, авиациялық станция, ӘҚҚ операторына қатысты бөлігінде авиация қызметі туралы заңнамасының негіздері;

ұшу қағидалары және әуе навигациясының негіздері;

авиациялық метеорологияның негізгі теориялық мәселелері және авиацияның метеоқамтамасыз етілуін регламенттейтін құжаттардың негізгі ережелері;  
радионавигациялық жабдық жұмысының негіздері мен қағидаттары;  
радионавигациялық жабдықтың және авиациялық электр байланыс құралдарының тактика техникалық сипаттамалары;

авиациялық станцияда электр байланыс жабдығын пайдалану және шектеу қағидаттары;

қызмет көрсетілетін ӘК негізгі деректері және тактика техникалық сипаттамалары;

4) жұмыс тәжірибесі:

12 айлық кезеңнің ішінде бекітілген бағдарлама бойынша дайындық курсына сәтті аяқтады, өтінішті тікелей берген және 2 айдан кем емес авиациялық станцияның аттестатталған операторының басшылығымен сәтті пысықтады; немесе

өтінішті берудің тікелей алдын алатын 12 айдың ішінен 6 айдан кем емес авиациялық станцияның аттестатталған операторының басшылығымен сәтті пысықтады;

5) өзінің құзыреттілігін көрсетті:

пайдаланылатын электр байланыс жабдығын пайдалануда;

радиотелефондық хабарламаларды сапалы және нақты беру мен қабылдауда.

## **17-тарау. "Нұсқаушы" біліктілік белгісін алу үшін ұшу персоналына қойылатын жалпы біліктілік талаптары**

62. Нұсқаушылар мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ӘК пилот-нұсқаушысы;

2) ӘК үлгісінің нұсқаушысы;

3) ӘК сыныбы бойынша нұсқаушысы;

4) аспаптар бойынша ұшуға рұқсат үшін нұсқаушы;

5) пилотаждық жаттығу құрылғылары бойынша нұсқаушы;

6) көп мүшелі экипажбен басқарылатын ӘК экипажы мүшелерінің өзара іс-қимылы бойынша нұсқаушы;

7) кешенді ұшу дайындығы бойынша нұсқаушы.

63. "Нұсқаушы" біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жасы - 18 жастан кіші емес;

2) жеңіл және асажеңіл ӘК куәлігін алуға дайындықты қоспағанда ӘК түріне сәйкес коммерциялық авиация пилотының куәлігін алу кезінде ұсынылатын білім мен тәжірибеге қойылатын талаптарға жауап береді, мұндай жағдайда үміткер жеңіл және асажеңіл ӘК тиісті түрінің пилотының куәлігін алу кезінде ұсынылатын білім мен тәжірибеге қойылатын талаптарға жауап береді;

3) сертификатталған АОО Үлгілік бағдарламаларға сәйкес әзірленген теориялық дайындық курсынан өткендігі туралы растау және теориялық білім деңгейін көрсету, мынадай салаларда:

теориялық және практикалық оқыту әдістемесі;

жер үстіндегі дайындық жүзеге асырылатын пәндер бойынша студенттердің, оқушылар мен тыңдаушылардың үлгерімділігін бағалау бойынша;

материалды игеру үрдісі;

тиімді оқыту элементтері;

студенттердің, оқушылардың немесе тыңдаушылардың білім деңгейін бағалау және тексеру бойынша, оқыту теориялары;

дайындық бағдарламаларын әзірлеу бойынша;

сабақты жоспарлау;

аудиторлық оқыту әдістемелері;

қажет болған жағдайда жаттығу құрылғыларын қоса алғанда оқу құралдарын пайдалану бойынша;

студенттердің, оқушылардың және тыңдаушылардың қателіктеріне талдау және түзету жүргізу бойынша;

қауіптер мен қателіктер факторларының бақылау қағидаттарын қоса алғанда ұшу дайындығына қолданылатын адамның мүмкіндіктері;

ӘК жүйелер мен бас тартулардың істен шығу имитациясына байланысты қауіптер;

4) тағайындалған пилот-нұсқаушының басшылығымен үміткер:

операцияларды таныстыруды, практикалық оқыту әдістерін, курсанттардың едәуір көп таралған қателіктерін табу және түзетуді қоса алғанда ұшу дайындығын жүргізу әдістемесі бойынша оқу курсынан өтті;

ұшу дайындығын жүргізуге ниетті ол практикада маневрлеу мен ұшу схемаларын орындаудың әдістемесін қолданды.

5) тиісті жағдайларда ұшу алдындағы нұсқаманы, ұшуды талдауды және жер үсті дайындығын қоса алғанда, пилот-нұсқаушының функцияларын жүзеге асыруды көздейтіндер бойынша ӘК түрлерінде және сыныптарында ұшу дайындығын жүргізуге ниетті ол сол салаларда оқыту қабілеттілігін көрсетті;

6) куәлікте көрсетілген ӘК түріне сәйкес бекітілген бағдарлама бойынша дайындығы бар;

7) ұшу-әдістемелік дағдыларға ие:

тыңдаушыны даярлау үрдісінде қауіптер мен қателіктер факторларын тану, талдау және бақылау;

оның сипаттамаларының шектеулері шегінде әуе кемесін басқару және ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейінде тыңдаушыны әдістемелік сауатты оқыту;

барлық маневрлерді баяу және нақты орындау және оларды тыңдаушыға епті көрсете білу;



ұшуда уақтылы шешімдерді қабылдау және бақылауды білікті жүзеге асыру;  
оқушылардың қателіктерін талдау және түзету;

тыңдаушыға ұшу схемасын немесе маневрді нақты орындау мен көрсетуді қамтамасыз ететіндіктен әуе кемесін басқару;

оқыту кезінде қауіптер мен қателіктер факторларын тану және бақылау;  
оның сипаттамасының шектеулері шегінде әуе кемесін басқару;

барлық маневрлерді баяу және нақты орындау және тыңдаушыға әуе кемесінің ұшуын басқару кезінде қозғалыстарды үйлестіруді әдістемелік дұрыс түсіндіру;

аэронавигация (ұшақты жүргізу) саласында білімді қолдану және оларды тыңдаушыға жеткізу;

тыңдаушыны әдістемелік сапалы және қауіпсіз оқыту.

### **1-параграф. Пилот-нұсқаушының біліктілік белгілерін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

64. "Ұшқыш" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) ұшып көтерілуі кемінде 200 сағат, олардың ішінде 150 сағат КВС ретінде;

2) пилоттың қоланыстағы куәлігінің болуы;

3) ұшу нұсқаушысының курсына түсу алдында ұшу тексерісінің алдын алатын 6 ай ішінде поршеньді күш қондырғысымен бір қозғалтқышы бар ұшақта ұшып көтерілуі 5 сағаттан кем емес;

4) ұшу нұсқаушыларының курстарынан өту:

ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат;

теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат;

ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат;

бір пилот басқаратын ӘК ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 15 сағатты қамтиды.

65. "Тікұшақ" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) тікұшақта ұшып көтерілуі кемінде 250 сағат, олардың ішінде тікұшақтың командирі ретінде кемінде 100 сағат;

2) коммерциялық тікұшақ пилотының куәлігі болуы;

3) ұшу нұсқаушысының курсына түсу алдында ұшу тексерісінің алдын алатын 6 ай ішінде бір қозғалтқышы бар тікұшақта ұшып көтерілуі кемінде 5 сағат;

4) тікұшақтың ұшу нұсқаушыларының курстарынан өту:

ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат;

теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат;

ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат;

бір пилот басқаратын ӘК ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 15 сағатты қамтиды.

66. "Мотодельтаплан" немесе "автожир" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) ӘКК ретінде 100 сағаттан кем емес;
- 2) "Мотодельтаплан" немесе "автожир" пилот-нұсқаушының курстарынан өту: ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат; теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат; ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат; ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 10 сағатты қамтиды.

67. "Планер" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) ӘКК ретінде ұшып көтерілуі кемінде 100 сағат және 200 ұшу (іске қосу);
- 2) планер ұшу нұсқаушыларының курстарынан өту: ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат; теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат; ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат; ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 10 сағатты қамтиды.

68. "Бос аэростат" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) ӘКК ретінде кемінде 75 сағат;
- 2) "Бос аэростат" ұшу нұсқаушыларының курстарынан өту: ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат; теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат; ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат; ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 10 сағатты қамтиды.

69. "Дирижабль" пилот-нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) ӘКК ретінде кемінде 100 сағат;
- 2) "Дирижабль" ұшу нұсқаушыларының курстарынан өту: ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат; теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат; ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат; ұшу-әдістемелік дайындықтың кемінде 10 сағатты қамтиды.

**2-параграф. ӘК үлгісі бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

70. Бір пилот басқаратын ұшақтың немесе көп мүшелі экипаж басқаратын ұшақтың бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) коммерциялық ұшақ пилотының, көп мүшелі экипаж ұшқышының немесе желілік авиакомпания пилотының куәлігінің бар болуы;

2) бір пилот басқаратын ӘК нұсқаушысы үшін - бір пилот басқаратын ұшақта ұшып көтерілуі кемінде 500 сағат, оның ішінде осы үлгідегі ӘКК ретінде кемінде 30 сағат немесе нұсқаушының біліктілік белгісі және аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты туралы біліктілік белгісі бар;

3) көп мүшелі экипажы бар ӘК нұсқаушысы үшін - көп мүшелі экипажы бар ұшақта ұшып көтерілуі кемінде 1500 сағат, оның ішінде осы үлгідегі ӘКК ретінде маршрут бойынша 30 учаске, олардың ішінде ұшу жаттығу құрылғысында өтінімде болжанған 12 ай ішінде орындалған 15 астам емес ұшуға рұқсат етіледі;

4) сұрау салынатын ӘК үлгісі бойынша нұсқаушыларды дайындау курсынан өту (кәсіби деңгейін қолдау кезінде нұсқаушыларды дайындау бойынша өткен курс есептелінеді).

71. Тікұшақ үлгісі бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) коммерциялы тікұшақ пилотының немесе желілік тікұшақ пилотының куәлігінің бар болуы;

2) бір пилотпен бір қозғалтқышы бар тікұшақтарда ұшып көтерілу 250 с;

3) бір пилотпен көп қозғалтқышы бар тікұшақтарда ұшып көтерілу 500 с;

4) бір пилотпен көп мүшелі экипажы бар тікұшақтарда кемінде 350 сағатты қоса алғанда көп мүшелі экипажы бар тікұшақтарда ұшып көтерілу 1000 сағат немесе бір пилотпен көп қозғалтқышы бар тікұшақтар үшін – көп мүшелі экипажы бар тікұшақтарда кемінде 100 сағат;

5) ӘК үлгісі бойынша нұсқаушыларды дайындау курстарынан өту (кәсіби деңгейін қолдау кезінде нұсқаушыларды дайындау бойынша өткен курс есептелінеді).

### **3-параграф. Ұшақ сыныбы бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

72. Ұшақ сыныбы бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) бір қозғалтқышы бар ұшақтарда - ұшып көтерілу пилот ретінде кемінде 300 сағат , олардың ішінде нақты үлгідегі немесе сыныбындағы ұшақтың КВС ретінде ұшып көтерілу кемінде 30 сағат;

2) көп қозғалтқышы бар ұшақтарда - ұшып көтерілу пилот ретінде кемінде 500 сағат , олардың ішінде нақты үлгідегі немесе сыныбындағы ұшақтың КВС ретінде ұшып көтерілу кемінде 30 сағат;

3) ӘК үлгісі бойынша нұсқаушылардың курстарынан өту (ұшу нұсқаушыны дайындау бойынша өткен курс есептелінеді):

ұшуды оқыту әдістемесі 50 сағат;

теориялық оқыту әдістемесі бойынша 25 сағат;

ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша 10 сағат;

бір қозғалтқышы бар ұшақта ұшу дайындығына 3 сағат немесе екі қозғалтқышы бар ұшақта 5 сағатты қамтиды.

#### **4-параграф. Аспап бойынша ұшуға рұқсат алу үшін нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

73. Аспап бойынша ұшуға рұқсат алу үшін нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) аспап бойынша ұшып көтерілуі кемінде 500 сағат, олардың ішінде ұшақтың аспаптық біліктілігінің нұсқаушысы үшін ұшақта ұшып көтерілу 400 сағат;

2) аспап бойынша ұшып көтерілуі кемінде 500 сағат, олардың ішінде тікұшақтың аспаптық біліктілігінің нұсқаушысы үшін тікұшақта ұшып көтерілу 250 сағат;

3) аспаптық біліктілігінің нұсқаушыларының курстарынан өту:

ұшуды оқыту әдістемесі кемінде 50 сағат, ұшу нұсқаушысының біліктілігі бар үміткерге толығымен есептеледі;

теориялық оқыту әдістемесі (оқыту және зерделеу) кемінде 25 сағат, ұшу нұсқаушысының біліктілігі бар үміткерге толығымен есептеледі;

ӘК тиісті үлгісіндегі ұшуды пайдаланудың бейінді пәндері бойынша білімді қайталау кемінде 10 сағат, ұшу нұсқаушысының біліктілігі бар үміткерге толығымен есептеледі;

4) оқу ұшулары ӘК, ұшу жаттығу құрылғысында немесе рәсімдік жаттығу құрылғысында ұшып көтерілу кемінде 10 сағат, ұшу нұсқаушысы үшін оқу ұшуларының көлемі кемінде 5 сағатты қамтиды.

#### **5-параграф. Пилотаждық жаттығу құрылғылары бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

74. Пилотаждық жаттығу құрылғылары бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) коммерциялық пилоттың, көп мүшелі экипаж пилотының немесе ӘК нақты түрінің авиакомпаниясының желілік пилоты куәлігінің бар болуы немесе болғаны;

2) аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты туралы рейтингісі біліктілік белгісінің бар болуы немесе болғаны;

3) аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты жөніндегі нұсқаушының оқу курсынан сәтті аяқтаған;

4) 12 ай ішінде ұшу жаттығу құрылғысында ӘК тиісті үлгісі бойынша біліктілік тексерісінен өткен;

5) көп мүшелі экипажы бар ұшақтар үшін жаттығу құрылғысы нұсқаушысының біліктілік белгісін алу үшін мыналар қажет:

көп мүшелі экипажы бар ұшақтардың немесе көтергіш күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК пилоты ретінде ұшу уақыты кемінде 1500 сағат;

пилот немесе байқаушы ретінде, 12 ай ішінде;

тиісті үлгідегі ӘК бортында маршрут бойынша 3 сектор; немесе

білікті ұшу экипажымен жүргізілген тиісті үлгідегі ӘК жаттығу құрылғысында ұшу дайындығының 2 сызықтық-бағдарланған сессиясы.

Осы жаттығу құрылғысының сессиялары 2 әртүрлі әуеайлақтар арасында 2 сағат бойынша 2 маршрутты, сондай-ақ тиісті ұшу алдындағы нұсқама және ұшудан кейінгі іріктеуді қамтиды;

6) бір пилотпен көтеру күшін арттыру жүйесі бар ұшақтар үшін жаттығу құрылғысы нұсқаушысының біліктілік белгісін алу үшін мыналар қажет:

тиісті үлгідегі ӘКК ретінде ұшу уақыты кемінде 500 сағат;

ұшақта аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты жөніндегі нұсқаушы біліктілігінің болуы немесе болғаны;

7) тікұшақтар үшін жаттығу құрылғысы нұсқаушысының біліктілік белгісін алу үшін мыналар қажет:

тиісті үлгідегі тікұшақтың бортында 12 ай ішінде пилот ретінде немесе байқаушы ретінде ұшу 1 сағат;

көп мүшелі экипажы бар тікұшақтар үшін тікұшақтарда пилот ретінде ұшып көтерілу кемінде 1000 сағат, оның ішінде көп мүшелі экипажы бар тікұшақтарда пилот ретінде ұшып көтерілу кемінде 350 сағат;

бір пилоты бар көп қозғалтқышты тікұшақтар үшін пилот ретінде 500 сағаттан, оның ішінде ӘКК ретінде кемінде 100 сағат;

бір пилоты бар бір қозғалтқышты тікұшақтар үшін тікұшақ пилоты ретінде кемінде 250 сағат;

8) жаттығу құрылғысы нұсқаушысының біліктілік белгісін атап айтқанда базалық дайындығы бар жаттығу құрылғысында алу үшін практикалық дайындықтан өтуі және осы мақсаттарда уәкілетті ұйым белгілеген білікті нұсқаушының бақылауымен 3 сағаттан кем емес көлемде тексеруден өтуі қажет.

**6-параграф. Көп мүшелі әуе кемесінің экипажы мүшелерінің өзара іс-қимылы бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

75. Көп мүшелі әуе кемесінің экипажы мүшелерінің өзара іс-қимылы бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) коммерциялы немесе сызықты пилот куәлігінің болуы және болғаны;
- 2) ұшақтар мен дирижабльдер үшін көп мүшелі ӘК пилоты ретінде ұшып көтерілу кемінде 1500 сағат, тікұшақтар үшін - кемінде 1000 сағат;
- 3). көп мүшелі экипажды үйлестіру бойынша нұсқаушылар үшін бекітілген курс шеңберінде рәсімдік жаттығу құрылғысында немесе ұшу жаттығу құрылғысында оқыту :

ұшуды оқыту әдістемесі – 25 сағат (ұшу нұсқаушыны, ӘК үлгісіндегі нұсқаушыны, ӘК сыныбындағы нұсқаушыны, аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты жөніндегі нұсқаушыны, жаттығу құрылғысының нұсқаушысын дайындау бойынша өткен курс есептелінеді);

теориялық оқыту әдістемесі (оқыту және зерделеу) – 25 сағат ұшу нұсқаушыны, ӘК үлгісіндегі нұсқаушыны, ӘК сыныбындағы нұсқаушыны, аспаптар бойынша ұшуға рұқсаты жөніндегі нұсқаушыны, жаттығу құрылғысының нұсқаушысын дайындау бойынша өткен курс есептелінеді);

пайдаланылатын жаттығу құрылғысын зерделеу бойынша техникалық оқу;

ӘК үлгісіндегі нұсқаушыны, жаттығу құрылғысының нұсқаушысын немесе көп мүшелі экипажды үйлестіру бойынша нұсқаушыны осы мақсаттарда уәкілетті ұйым белгілеген бақылауымен және талаптарды орындай отырып тиісті жаттығу құрылғысында барлық курстың шеңберінде көп мүшелі экипажды үйлестіру бойынша практикалық дайындық немесе нұсқама 3 сағаттан кем емес.

#### **7-параграф. Кешенді ұшу дайындығын жүргізу бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін енгізу кезінде қойылатын біліктілік талаптар**

76. Кешенді ұшу дайындығын жүргізу бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін алушы үміткерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) тиісті курстардың талаптарына жауап беретін нұсқаушы біліктілігін көрсете отырып қолданыстағы пилоттың куәлігі алдыңғы 3 жыл ішінде;

2) осы мақсаттарда уәкілетті ұйым белгілеген бақылауымен және талаптарды орындай отырып кешенді ұшу дайындығын жүргізу бойынша нұсқаушының функцияларымен байланысты пилотаждық жаттығу құрылғысында ұшу дайындығы 3 сағаттан кем емес немесе егер кешенді ұшу дайындығын жүргізу бойынша нұсқаушы оқытуды тек аспаптар бойынша ұшудың оқу стендінде жүргізуге ниетті болғанда, оған нұсқаушының осы мақсаттарда уәкілетті ұйым белгілеген бақылауымен және талаптарды орындай отырып 3 сағаттан кем емес ұшу дайындығын жүргізу қажет;

3) 12 ай ішінде өтінім берудің алдында қолданыстағы сыныпқа сәйкес немесе болжанатын оқытуға сәйкес үлгіде ұшу дайындығын тексеруден өту, ол оқытуды тек аспаптар бойынша ұшудың оқу стендінде жүргізуге ниетті болғанда, оған 12 ай ішінде өтінім берудің алдында ұшу дайындығын жүргізу қажет;

4) кешенді ұшу дайындығын жүргізу бойынша нұсқаушының біліктілік белгісін (рейтингісін) ұзарту үшін ізденушіге соңғы 12 ай ішінде пилотаждық жаттығу құрылғысында 3 сағаттан кем емес оқытуды жүргізу, сондай-ақ пилотаждық жаттығу құрылғысында әуе кемесінің тиісті үлгісі немесе сыныбы үшін кәсіби жарамдылықты тексеруді орындау қажет.

77. Үлгінің біліктілік белгісін (рейтингісін) алу үшін оқытатын нұсқаушыға мыналар талап етіледі:

1) осы елде тіркелген әуе кемесі бойынша оқытуды жүргізу үшін басқа елдің талаптарына сәйкес, ИКАО сәйкес берілген куәлік және біліктілік белгілер (рейтингілер);

2) үлгінің біліктілік белгісінің (рейтингісінің) нұсқаушысы ретінде ұқсас жаттығу құрылғыларында 100 сағат ұшып көтерілу немесе оқытуды орындау;

3) рұқсаттың жарамдылық мерзімі уәкілетті ұйымның қарауы бойынша айқындалады, бірақ 3 жылдан аспайды;

4) рұқсат мыналармен шектеледі:

оқыту қандай да бір нұсқаушы біліктілік белгісін (рейтингісін) беру үшін жүзеге асырылмайды;

оқуға тілді білетін курсанттар жіберіледі, онда оқыту жүргізіледі;

көп мүшелі экипаждың экипаж мүшелерімен өзара іс-қимылы бойынша нұсқаушыны оқытпайды.